

● ҚҰРМЕТ

ДАҢҚТЫ ЕРГЕ ЕҢСЕЛІ МҮСІН

Қызылордада Кеңес Одағының Батыры Нағи Илиясовтың ескерткіш-бюсі ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысты.

С Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Еңселі мүсін батыр есімінен №9 мектеп-лицей алауына орнатылды. Оны Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Жәркен Исмағұлов даңқты тұлғаның туғанына 100 жыл толу құрметіне арнады.

Аймақ басшысы Отан үшін от кешіп, елеулі еңбегімен ел алғысына бөленген нар тұлғалы азаматтың ерен ерлігі мен игі ісін ұрпақ жадында жаңғырту – парыз екенін айтты.

– Нағи Илиясов 1920 жылы Сыр топырағында дүниеге келген. Оның балалық шағы ел өміріндегі аласапыран уақытпен тұспа-тұс келді. 1933-1936 жылдары балалар үйінде тәрбиеленді. 1936-1939 жылдары Орталық Азия университетін, Ташкент педагогикалық училищесін бітіріп, мектепте неміс тілі, тарих пәндерінен сабақ берді. 1942 жылы қантарда қолына қару алып, майданға аттанды. Жауынгер жолындағы аса ауыр шайқастардың бірі – Будапешт операциясы. Қаланы азат етудегі ерлігі үшін ол Кеңес Одағының Батыры атанды. Будапеште Нағи Илиясовтың есімімен аталатын көше бар, – деді облыс әкімі.

Қаһарман ұл 1945 жылы Мәскеуде өткен Жеңіс шеруіне қатысып, елге есен-сау оралғасын бірқатар жауапты қызметте болды. Өзі ерлікпен жүріп өткен жорық жолдары туралы «Жауынгер жолы» кітабын жазып, кейінгі ұрпақты бейбіт өмірді бағалауға үндеді.

Бүгінде өзі басқарған бұрынғы «Қазақстанның 50 жылдығы» ауылы батыр атында. Ол облыстағы ғана емес, республикадағы үздік әрі үлгілі елді мекендердің бірі саналады.

Майдангердің ұлы Ринат Илиясов әке ерлігі, өнегелі өмірі мен еңбек жолы жас буын үшін тағылымды тәрбие көзі екенін айта келе, қаһарман ұл есімін ұлықтаудағы іргелі істер үшін сырбойлықтарға алғыс білдірді.

Сонымен бірге осы күні Н.Илиясов тұрған үйге мемориалдық тақта, ал қалаға қарасты Қараөзек ауылында арнайы белгі орнатылып, «Батырдың үш өмірі – үш бақыты» атты кітап жарыққа шықты.



175

АБАЙ
БОЛМЫСЫН
ЖАСТАР
БЕЙНЕЛЕДІ

Абайдың руханият әлеміне бойлап, замандастарына ұғындыру жолында жастар жаңа қадам жасады. Бейсенбіде Қызылорда қалалық жастар театрының артистері Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты трагифарс жанрындағы қойылымның премьерасын ұсынды. Сахнада Абай өмірі ғана бейнеленбеді, оның ішкі үні, арпалысқа түскен рухы көрерменді ойландырды.

С Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен қойылымның ерекше екені бірден аңғарылды. Бұл жолы негізгі Абай образынан бөлек, сахнада тұлғаның жас кезін 5 артист сомдады. Ақынның ойын жамандық торлап, ібіліс арбаған кезде биікке ұмтылған, адалдықты ансаған «жас Абайлар» қолдау білдіріп, ой-санасын азат ететіндей көрінді. Мұны пьесаны жазған театрдың көркемдік жетекшісі Оңғалап Нұрмаханов былай түсіндірді:

– Осы жылдың аясында барлық өнер адамдары Абай тақырыбына барып, өзінше толғап, өзінше жырлап жатқан жайлары бар. Біздің театр да Абайдың жанын, болмысын сыртқа шығарып, көрерменге паш еткісі келді. Осы мақсатқа жеттік деп ойлаймын. Арнайы драматургия жазылды. Абай сүрінгенде, құлағанда біреуге қолын созып, маған көмектесші, шаршадым деген жок. Ішкі рухына сыйынады. Оның ішкі рухы – жас кезі, қиындық көрмеген, таза, балалық әлемі. Оның балалық әлемінен жас Абайлар көрініс табады. Біреу биіктен көрінесе, аяғынан тартып, шалғайына жармасатын халық екенімізді жасырмауымыз керек. Соны көрерменге ашып, айқайлап айттық, – деді ол.

Жас Абайдың рөлін сомдаған артистің бірі, Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледждің түлегі – Әділет Әбенев. Ол Абай образын сомдау мәртебеге екенін әрі үлкен жауапкершілік жүктегенін айтты. Олар қойылымды дайындау үшін бір жарым ай уақыт жұмсаған.

Айта кету керек, спектакль қоюда жастардың да болмысы, ерекшелігі ескерілген. Отыз минуттан сәл асатын қойылымда музыка мен ырғақ, би, ән, көркемдік ерекше үйлесім тапқан.

● ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

ИНВЕСТИТОРЛАР ҮШІН ТАРТЫМДЫ АЙМАҚ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Calamari & Braam» компаниясының бас директоры Мухамед Юссеф Хассан Яссир және «Марсель Петролеум» ЖШС бас директоры Махмут Нәлібаевпен кездесті.

Аймақ басшысы Мысыр Араб Республикасынан арнайы келген мейманға ілтипат білдіріп, қазіргі қысылтаң шақта экономикалық табысты еселеудің жаңа жолдарын қарап, сауда-экономикалық ынтымақтастықты күшейтуге басымдық берілетініне айрықша тоқталды. Сондай-ақ, Қызылорда аймағы инвестиция тартуға қолайлы өңір екенін атап өтіп, іскерлік қарым-қатынас орнатуға мүдделі екенін жеткізді.

– Биыл Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 28 жыл толып отыр. Біз сіздерді қонақжай Сыр елінде қарсы алғанымызға шын жүректен қуаныштымыз және біздің облысқа іскерлік мақсатта келген сапарларыңыз үшін алғысымды білдіремін. Қызылорда облысы – инвестиция салу үшін тартымды аймақ. Біздің өңір ауыл шаруашылығы дамыған, минералды ресурстардың едәуір қоры бар, тамаша туристік әлеуетке, ең бастысы – тиімді логистикалық жағдайға ие, – деді облыс басшысы.

Кездесуде Мухамед Юссеф Хассан Яссир Қазақстанға, оның ішінде Қызылорда өңіріне алаш рет сапарлап келгенін және бірқатар жобалар арқылы ынтымақтасуға ниетті екенін білдірді. Екі ел арасындағы бизнес секторы дамытып, туризмді жаңа деңгейге шығаруды көздеп отырғанын жеткізді. Сонымен бірге халық үшін туристік демалыс орнын жасайтын жаңа идеяларын ұсынды. Әсіресе, ауыл шаруашылығы бағытында өнім өндіру, балық шаруашылығын дамытатын бірқатар жобалары барын қаперге салды.

Қабылдауда «Марсель Петролеум» ЖШС бас директоры Махмут Нәлібаев инвестиция тарту арқылы Сыр өңірінің перспективалық дамуын көздейтін жобаларды іске асыруда өзара әріптестік келісімдерге дөңкер болатынын жеткізді.

Қазір мемлекет шетелдік инвесторларға бірқатар жеңілдіктер ұсынып отыр. Бұл – кеден баж салығынан босату, мемлекеттік заттай гранттар, салықтар бойынша преференциялар, инвестициялық субсидиялар беру. Осы ретте Сыр өңірінде жыл сайын инвестиция тарту жұмыстары жалғасып жатыр.

Жиын соңында облыс әкімі инвесторлардың кез келген сындарлы ұсыныстарын құптайтынын айтып, өңірдің туристік әлеуетін көтеруге арналған оң бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

«СБ» ақпарат



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

РУХТЫ РУХПЕН
ОЯТУ КЕРЕК

Оқырман қауымға жақсы таныс, үш жыл бұрын Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарық көрді. Мақала мақсат еткен жол ұлт санасының жаңғыруы болатын. Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы өмірге келді. 2017 жылы сәуір айында Тұңғыш Президент көтерген соны бастамаға Сыр өңірі алғашқылардың бірі болып үн қосып, бағдарлама бойынша тың іс-шараларды қолға алды.

4-бет

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

БЕЙҚАМДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК!



жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, тұрғындар тарапынан сақтық шаралары әлі де өз деңгейінде болмай тұр. Индеттің бірінші кезеңінде тұрғындардың санитарлық талаптарды дұрыс сақтамауынан, яғни қарапайым қағидаларды ұстанбауынан қаншама қиындықтарға кезіккенімізді, осының салдарынан индеттің тез өршіп кеткенін және оны ауыздықтау қиынға соққанын бәріміз де жақсы білеміз.

Енді міне, жан-жақтағы өңірлердің көпшілігінде индеттің екінші толқыны қайта өршіп жатыр. Сондықтан, тұрғындар мен жұмыс істеуге рұқсат етілген барлық еңбек ұжымдары санитарлық талаптарды қатаң сақтаулары тиіс. Қазіргі уақытта аудан әкімдігі тарапынан құрылған мобильдік топтар санитарлық талаптардың сақ-

талуы бойынша сауда және көпшілік жиналатын орындарда болып, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын қарқынды жүргізіп жатыр. Ең бастысы, туған күн, жиын-той, басқа да көпшілік жиналатын түрлі басқосударды барынша тоқтатып, барыс-келісті мүмкіндігінше азайтуға баса мән беруіміз қажет. Адамдармен қарым-қатынаста, көшеде жүргенде үнемі бетперде киіп, қолды сәт сайын антисептикалық сұйықтықтармен жуып жүрген абзал. Біз сонда ғана қауіпті дерттен өзімізді және айналамыздағы жақын-дарымызды қорғай аламыз. Сондықтан жағдайға бейжай қарамай, индеттен сақтанайық, ағайын!

Асқан ОТАРБЕКОВ,
Жаңақорған ауданаралық ауруханасының жоғары санатты дәрігер-эпидемиологы

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

АЛМАЛЫНЫҢ
ЖОЛЫ
ЖӨНДЕЛЕ
БАСТАДЫ

Әр іс өзінің сәтіне қарай орайласады. Сондай шаруаның бірі – Шиелі ауданындағы Алмалы ауылының жолы. Қыркүйек айының ортасынан бері осы жолға қатысты қозғалыс басталды. Жұмыс жүріп жатыр. Ауыл үстінен өтетін жолға қатысты жағдайды баяндап әуелі облыстық «Сыр бойы» газетінде дабыл қаққанбыз. Жоғарыдағылар назар аударсын деп «Егемен Қазақстан» газетіне де «Алмалылықтардың көңілі неге күпті?» деген мақала жарияладық. Сондай-ақ, «Қамшы кз»-те мәселені тағы да еске салдық. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізін жобалау кезінде, қоғамдық тыңдау өткізілмеуінен ауыл тұрғындарының талабы ескерілмегендігін еске салдық. Өзгіндей жіберілген кемшілік себебінен Алмалы ауылына кіріп-шығатын бірде-бір жол не көпір қалдырмауы тұрғындардың шаруашылық жүргізуіне, кәсіпкерлікке қолайсыздық туғызуымен қатар қалтарыста қалған ауылдан Қызылорда қаласына, аудан орталығына қатынаудың да күрделілігі айтылды.

2-бет



Құрметті оқырман!
2021 жылдың бірінші жартыжылдығына
жазылу жүргізілуде



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

«Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеумбетов, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысы Нәжмәдин Шамұратовпен кездесіп, жыл бойы атқарған жұмыстары жөніндегі баяндамасын тыңдады» деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Алдымен баяндама жасаған М.Тілеумбетов жол инфрақұрылымын дамыту бойынша атқарылған жұмыстарды айтты.

Облыс аумағындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3 мың 398 шақырым. Оның 1 мың 16 шақырымы – республикалық, 557 шақырымы – облыстық, 1825 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. Биыл жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары желісін дамытуға 20 млрд 289 млн теңге бөлінген. Осы қаражатқа ұзындығы 498,2 шақырым құрайтын автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдерін жөндеуден өткізу жоспарланған. Жалпы жол желісін дамытуға 4 мемлекеттік бағдарлама арқылы қаражат бөлініп отыр. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша бөлінген 6 млрд 223,3 млн теңге қаржыға облыстық және аудандық маңызы бар ұзындығы 147 шақырым автомобиль жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 1 млрд 189 млн теңгеге қаладағы Бейбарыс сұлтан көшесінен «Қызыл-жарма» каналына дейінгі көше құрылысы жүргізілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 1 957,6 млн теңге қаржы қарастырылып, бүгінде ол қаржының 48%-і игерілген. «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасымен 8 626,1 млн теңге бөлініп, жоспарланған жұмыстың 81%-і жүзеге асқан.

Мұнан бөлек жергілікті бюджеттен автомобиль жолдарының жұмысын қамтамасыз ету, елді мекендер көшелері мен көпір өткелдерін жөндеуден өткізуге 2 млрд 293,3 млн теңге бөлініп, ұзындығы 20,7 шақырым көшелер мен автомобиль жолдары жөндеуден өткен.

– 10 айдың қорытындысымен жалпы бөлінген қаржының 17 млрд 931,2 млн теңгесі немесе 95%-і игерілді. Нәтижесінде облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық көрсеткішінің үлесі жоспарлы 69%-ті құрады. Сонымен қатар биыл 21 нысанды пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Есепті кезеңде 15 нысан пайдалануға берілді. Қалған 6-уы қараша, желтоқсан айларында аяқталады, – деді М.Тілеумбетов.

Сондай-ақ баскарма басшысы «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының тиімді нұсқасы – қазіргі терминал

көлемін кеңейту жолдары қарастырылып жатқанын да жеткізді. Аталған мәселенің аймақ үшін маңыздылығы ескеріліп, биыл жобаның жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу үшін бюджеттік өтімін ұсынылып, қолдау тапқан.

Облыс әкімі баскарма басшысына бөлінген қаржыны тиімді игеріп, жолдардың сапасына баса мән беру керектігін жеткізді. – Облыстағы автомобиль жолдарын жөндеуге бюджеттен қыруар қаржы бөлінді. Бұл қаржы жолдардың сапалы болуына, жол жүру қиындығын еңсеруге бағытталған. Сондықтан салынған, жөнделген жолдар халыққа ұзақ уақыт қызмет етуі тиіс. Баскарма басшысы тарапынан мердігерлердің жұмысы ұдайы бақылауда болсын, – деді.

Мұнан соң баяндама жасаған Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысы Нәжмәдин Шамұратов автомобиль, темір жол, су көліктеріне қатысты жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижесі жайлы баяндады. Автомобиль көлігі саласында 1 мың 480 құқық бұзушылық анықталып, 50 млн теңге айыппұл салынып, 35 млн теңге республикалық бюджетке өндірілген. Инспекция басшысы жауапкершілікке тартылғандардың дені ауыр салмақты және ірі көлемді жүкті рұқсатсыз тасымалдауға, тасымалдау қағидасының талаптарын орындамауға қатысты дейді. Сонымен қатар, пандемия кезінде жолаушылар тасымалына тыйым салынғанына қарамастан жұмысын жалғастырған 23 тасымалдаушы жауапкершілікке тартылған.

Теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде де заңбұзушылықтар орын алған. Тексеру барысында 5 билетсіз жолаушы, 30 кг артық кол жүгі және 14 басқа да түрлі заңбұзушылық анықталыпты. Нәтижесінде 12 жауапты тұлғаға шара көрілген.

Су айдындарында өткен жылы оқыс оқиға орын алмаған. Бірақ биыл 5 адам суға кеткен. Қайғылы жағдай балықшылардың су көлігін қауіпсіздікті сақтамай басқаруынан болған.

Жиын соңында облыс әкімі инспекция басшысына тасымал кезінде барлық қатаң шараларды қолға алып, жолаушылар қауіпсіздігі барынша сақталуын, апатты жағдайлардың алдын алу керектігін ескертті.

БІРЛЕСТІК ЖҰМЫСЫ ЖАҢАША ҚАРҚЫН АЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова белгілі қоғам қайраткері, Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мүшесі Мұрат Әбенювпен кездесті.



Кездесуде аймақта Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар, үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының мәселесі, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде Президент берген тапсырмалар талқыланды. Сондай-ақ тек облыс орталығында ғана емес, аудан, ауылдық жерлерде де азаматтық қоғамның беделін арттыру, оларды өңірлерді дамыту ісіне тарту қажеттігі айтылды.

Үкіметтік емес ұйымдар – ел қуатын арттырып, мемлекеттің тұрақтылығын күшейтетін маңызды қоғамдық институт. Қазіргі таңда облыста 996 УЕҰ тіркелген. Оның ішінде 443 бірлестік, 294 қор, 259 филиал мен өкілдік бар. Үкіметтік емес ұйымдардың 454-і өңірдің рухани-мәдени, қоғамдық өміріне белсенді араласып, өз үлесін қосып келеді.

УЕҰ-ға жан-жақты көмек көрсетіп келе жатқан Азаматтық Альянс қауымдастығының жұмысы жанданып, қызметі жаңа бағытта қарқын алды. Қауымдастық «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі болып қайта құрылып, басшылығына азаматтық қоғам саласында нәтижелі

еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман Анар Ізден тағайындалды.

Жуырда облыстық ішкі саясат басқармасының ассоциациямен бірігіп өткізген «Әлеуметтік жобалар жәрмеңкесінде» УЕҰ тарапынан 201 млн 159 мың теңгені құрайтын 30-ға жуық жоба ұсынылды. Үздік деп танылған жобалар басқармаларға, қала және аудан әкімдіктеріне өз құзыреті шегінде қарауға ұсынылды.

Облыс әкімі ассоциация басшылығымен бірнеше рет кездесті. Соңғы кездесуде аймақ басшысы 7 аудан мен Қызылорда қаласында УЕҰ-ны қолдау, ақпараттық-ресурстық орталықтар ашуға жәрдемдесу үшін тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

Облыс бойынша УЕҰ-ға өткен жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы 1 млрд 223 млн 382 мың теңге бөлініп, 165 әлеуметтік жоба жүзеге асырылса, биылғы I жартыжылдықта 1 млрд 296 млн теңге қаралып, 154 әлеуметтік жоба іске асырылуда.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы жобалар негізінен ұлтаралық қатынастарды реттеуді, ұлттық саясатты жүзеге асыруды, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды, жастар және отбасылық-демографиялық саясатты жүзеге асыруды, азаматтық бастамаларды қолдауды көздейді. Сонымен қатар, бірқатар әлеуметтік жобалар қазіргі қалыптасқан эпидемиологиялық ахуалға байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қысқартылып, облыс экономикасын қалпына келтіруге бағытталуда.

Кездесу соңында аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қоғам қайраткері, Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мүшесі Мұрат Әбенювке алғысын жеткізіп, қоғамдық-саяси бағыттағы бастамаларына сәттілік тіледі.

«СБ» ақпарат

● ҚАБЫЛДАУ

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетовты қабылдап, 2020-2021 жылдардағы жылу беру маусымының өту барысын талқылады.

КӨМІРДІҢ 86 ПРОЦЕНТІ ЖЕТКІЗІЛДІ

Биыл Қызыл-

орда облысында жылу беру маусымы 10 қазаннан басталды. Қазіргі таңда өңірдегі 1185 әлеуметтік нысанның 1183-і жылумен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, бүгінгі күнге орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған Қызылорда қаласындағы 717 және Қазалы ауданының Өйтеке би кентіндегі 67 көпқабатты тұрғын үйге жылу берілген. Баскарма басшысы көмір мәселесінің де шешіліп жатқанын жеткізді.

– Қазіргі уақытта облыс тұрғындарына қажет 163,6 мың тонна көмірдің 86 проценті жеткізілген. Қалған қатты отынды кәсіпкерлер тасымалдауда. Алдағы уақытта өңірде көмір тапшылығы болмайды деп жоспарлап отырмыз. Ал, әлеуметтік сала нысандарына қажетті 39,5 мың тонна қатты және 26 мың тонна сұйық отын толығымен жасакталған, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы.

Аймақ басшысы пандемия уақытында тұрғындарды түгел жылумен қамтамасыз етіп, оларды суық тиоден сақтау қажет екендігін қадап айтты.

– Қазіргі таңда әлемде болып жатқан эпидемиологиялық ахуалды бәріңіз жақсы білесіздер. Сондықтан халықты тоңдырмай, жылу маусымын сапалы жүргізуіміз қажет. Біздің мақсатымыз – тұрғындардың денсаулығын сақтау. Сондықтан облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы қала, аудан әкімдерімен бірлесіп, бұл мәселені ұдайы назарда ұстанаыздар. Көмір мәселесін де толық шешіп, халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз етіңіздер, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, жылуға қаржы бар тұрғындар мен кәсіпкерлік нысандар туралы сараптама жасауды тапсырды.

«СБ» ақпарат

АЛМАЛЫНЫҢ ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛЕ БАСТАДЫ

Мақаламыздың түйінінде: «Ауыл іргесіндегі 20 бекетте жол айырымы қалдырылған, яғни, үлкен автожолға көліктердің кіріп-шығуына қолайлы түс. Осыны Алмалы ауылы тұрғындарының пайдалануына мүмкіндік жасауға болады. Ауылды жанай өтетін бұрынғы ескі «Самара – Шымкент» трассасының 6 шақырым ескі орны сол бұрынғы күйі жатыр, содан әрі қарай 20-бекетке дейінгі аралықтағы небәрі 700 метр жердің жолын жаңадан көтерсе, жоғарыда айтқан түрлі қолайсыздықтарды жойып, жол қатынасын реттейді. Шиелден шыққан жолаушылар көлігінің Алмалы ауылы үстінен тікесі өтуіне мүмкіндік туады және де осы маңдағы 21-бекет, Жансейіт елді мекендеріне, тіпті аудан орталығының жолқатынас мәселесі де жақсарыды. Жолаушылардың «Қызылорда-Шиелі» бағытында барып-келуі қалыпты жүйеге түседі» деп ұсыныс білдірдік. Осы ойымыз жоғары орындардың құлағына жетіп, белсенді азаматтар мен облыстық мәслихат депутаттарының араласуымен жол құрылысы басталғанына тұрғындар қуанып жүр. Аудан басшылығы баспасөз көтерген мәселені тиянақталуына мұрындық болды. Нақты кезеңде жол құрылысын «Шиелі-Жолшы» мекемесі жасауда. Аудан әкімінің орынбасары Т.Жағыпаровтың

1-бет



мәлімдеуінше, тиісті қаржының биылғы жылы 66 млн теңгесі игерілсе, жол келер жылы қалған қаржымен толық бітуі тиіс. Айтпашқы, жыл аяғына дейін бітеді деп жоспарланып отырған Шиелі индустриалды колледжі тұсынан салынып жатқан аспалы көпірге келіп қосылатын жол шиеліліктер үшін тіпті қолайлы болғалы тұр.

Иә, «ештен кеш жақсы» деп жыры біразға созылған жол елдің игілігіне айналғанын айтайық. Осы жұмыстың бітуіне атсалысқан азаматтар мен атқарушы орындарға алғыс білдіреміз.

Н.ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы

«ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫ» ЖӘНЕ 20 АВТОКӨЛІК

Облыстық полиция департаментінің қызметкерлері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тағайындаған «Халық алғысы» медалімен марапатталды. «Халық алғысы» медалі Президент Жарлығымен пандемиямен күресте айрықша көзге түскен азаматтарды ынталандыру мақсатында бекітілген болатын.

Рәміздер алаңында өткен жиында департамент бастығы, полиция полковнигі Сұлтан Бектөре құттықтау сөз сөйледі.

Осы күні сакшыларға жаңа автокөліктер кілті табыс етілді. Жол талғамайтын көліктер учаскелік полиция инспекторларының иелігіне берілді. 20 автокөлік тұтастай заманауи құрылғылармен жабдықталған.

– Мемлекет басшысы мен Ішкі істер министрі полиция және медицина қызметкерлерінің еңбегін жоғары бағалады. Төтенше жағдай кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз еткен 25 полиция қызметкері мен 4 медицина маманы «Халық алғысы»

медалімен марапатталды. Облыс әкімдігімен бірлесіп, Президент Жолдауын кезең-кезеңімен орындау мақсатында учаскелік полиция инспекторларына 20 автокөлік берілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің атынан облыстық полиция департаменті Қызылорда қалалық полиция басқармасының №11 озық учаскелік полиция пунктіне қызметтік автокөлікке сертификат ұсынылды. Учаскелік полиция инспекторларын қажетті техникамен қамтамасыз етіп, мәртебесін көтеру Президенттің және Ішкі істер министрінің «Халыққа жақын полиция» қағидаты бойынша

нұсқауын сапалы және уақытылы орындауға мүмкіндік береді, – деді департамент бастығы.

– Төтенше жағдай кезінде халық игілігі үшін тынбаған қызметкерлерге Мемлекет басшысының марапаты – үлкен демеу. Карантин басталғалы күні-түні еңбек еттік. Артылған сенімді ақтауға тырыстық. Қиын уақытта медицина қызметкерлерімен бірге карантин режимін қамтамасыз етіп, тұрғындарға көмек көрсеттік. Бүгін, міне, еңбегімізге жоғары баға беріліп отыр. Басшылыққа өзіміздің және әріптестеріміздің атынан шын жүректен алғыс айтамын, – деді «Халық алғысы» медалімен марапатталған полиция аға лейтенанты Бауыржан Нысанқұлов.

Тәртіп сақшылары халықтың бейбіт өмірі мен тәуелсіздік құндылықтарын қорғау жолында аябай еңбек ете бермек.

«СБ» ақпарат





ЕКІНШІ ТОЛҚЫН: болжам расқа айналмасын десек...

Бүгінде коронавирус инфекциясының жаһандық пандемияға ұласқанына куә болып отырмыз. Бүкіл әлем өте күрделі ахуалды бастан өткеріп жатқаны баршаға мәлім. Аталған індет күннен күнге өршіп, адам өміріне қауіп төндіруде. Әлемнің 188 елінен 50 миллионнан астам адам індет жұқтырса, 12 миллионнан астамы аурудың белсенді фазасында болғандықтан бақылауда. Қайтыс болғандардың ресми саны 1 млн 232 мыңнан асты. Ал елімізде вирус жұқтырғандар саны 114826-ға жетті. Соңғы кезде эпидахуалдың біршама күрделене бастағаны байқалады. Осы орайда қауіпті кеселдің болжамды екінші толқынына дайындық жұмыстарын пысықтап, індетпен күреске сақадай сай болудың маңызы зор.

Сb Айнуір БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының міндетін атқарушы Әлия Әбдіқайымова және облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловтың қатысуымен өткен брифингте коронавирус инфекциясының болжамды екінші толқынына дайындық жұмыстары жан-жақты баяндалып, қауіпті кеселдің белең алуына жол бермес үшін тұрғындардың сақтық шараларын қатаң ұстануға шақырды.

— ҚР Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Айжан Есмағанбетова онлайн брифингте карантиндік шараларды аймақ бойынша күшейту жұмыстарының жүргізіліп жатқанын айтты. Соңғы аптада елімізде коронавирус инфекциясының таралуы өскен. Бірақ әр аймақта жағдай әртүрлі. Сондықтан карантин шаралары аймақтардың ахуалына қарай қабылданады. Ал өңірде бүгінгі күні індет жұқтырғандар саны — 3262. Оның ішінде 3144 адам, яғни 96 проценті жазылып шықты. Эпидахуалға орай облыста кезінде барлығы 976 төсек-орын

ұйымдастырылған болатын. Шілде айында жағдайдың күрделенуіне байланысты ол 2035-ке дейін көбейтілді. Бүгінде жағдайдың тұрақтылығына байланысты емханалар мен ауруханалар калыпты жұмыс атқаруда. Қазір 210 инфекциялық төсек-орын бар. Жүктеме 13 процентті құрауда, — деді Наурызбай Байқадамов.

Ал коронавирустың болжамды екінші толқынына дайындық барысында аймақта облыс әкімінің бақылауымен қажетті жұмыстар атқарылып, дайындық жүргізілуде. Атап айтқанда, медициналық құралдармен жабдықтау жыл басында 85 процентті құраса, он айдың қорытындысында 89 процентке жеткен. Инфекциялық стационарлардың реанимация бөлімінің құралдармен жабдықтау көрсеткіші 75-тен 85 процентке жоғарылаған. Эпидемиологиялық жабдықтау аппараты болса, бүгінде оның саны — 244. Маман тапшылығын жою мақсатында өңірде 99 жас маман келген. Облыста 79 жедел жәрдем бригадасы тұрғындарға қызмет көрсетуде. Автокөліктердің жартысына жуығының тозығы жеткені белгілі. Осыған орай аймақ

басшысының қолдауымен лизинг арқылы 26 санитарлық автокөлік алынса, алдағы күні тағы 14-і келеді деп күтілуде. Сонымен бірге 161 мобильдік бригада құрылған. Оның 138-і қызметін атқарып жатыр. Оның мақсаты — тұрғындардың үйлерінде ем алуына жағдай жасау. Себебі адамдарды шоғырландырмаудың маңызы зор. Емханалар кез келген уақытта ауру ошағына айналуы мүмкін. Әйтсе де, емханалар штаттық режимде өз жұмыстарын атқара беретін болады.

Ал облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының міндетін атқарушы Әлия Әбдіқайымова әлемде, республикада коронавирустың күрделі эпидахуалын ескере отырып, өңірде бірқатар шектеулер әлі де жалғасатынын жеткізді.

— Әлемде, әсіресе Еуропа елдерінде, Ресейде карантиндік шаралар күшейтіліп жатыр. Республика көлемінде де кейбір өңірлерде блок-бекеттер қайта қойылып, шектеу шаралары күшейтілуде. Ал біздің облыста әзірге жағдай тұрақты. Жалпы, инфекцияның инкубациялық кезеңін 14 күн деп айтамыз. Осы уақыт ішінде қарым-қатынастар тізбегі айқындала түседі. 27 тамыз -13 қыркүйек аралығында он жеті-он сегіз күн бізде тізбек үзілген кезең болды. Тізбек үзілгенде адамнан адамға жұғу қаупі бәсеңдейді. Сондықтан қыркүйек, қазан айында бізде жаңа деректер бірлі-жарым ғана тіркелді. Оларды тексеру барысында бір-бірімен еш байланысы жоқ екені анықталды. Бұл тұрғындардың тәртіпке бағынуының нәтижесі деп білеміз. Бірақ осылай болды екен деп сақтық шараларын ұмытуға болмайды. Біз әлі де шектеу шараларын қабылдадық. Әсіресе, ұжымдық басқосуларға, той, жиын-дара, отбасылық мерекелерді атап өтуге тыйым салдық. Сонымен қатар ойын-сауық, спорттық іс-шаралар, көрмелер, форумдар мен конференциялар өткізуге болмайды, — деді Әлия Мүтәліпқызы.

Брифингте облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов тұрғындарды әлі де болса көпшілік жерлерге бармауға, сақтық шараларын қатаң ұстануға, тәртіпке бағынуға, әсіресе, балаларды той-томалар, түрлі ағайын-туыстар арасындағы жиындарға апармауға шақырды.

Білімнің жағып шырағын

Сыр өңірінде парасатты педагог, білікті басшы Уәли Төрәліевтің есімі ұлықталды. Арда азаматтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында жақын-жуық, дос-жараны оны еске алды. Шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысты.

Сb Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжіндегі кездесуге тарлан тұлғаның іні-қарындастары, қызметтестері мен шәкірттері жиналды. Облыстық білім басқармасы ұйымдастырған жиында көпшілік оның оқу-ағарту саласына қосқан үлесін, білім саласын өркендетудегі өлшеусіз еңбегін жоғары бағалады.

— Біз ұлан-ғайыр табысымыз бен жетістігіміз үшін аға ұрпақ алдында қарыздармыз. Мемлекет басшысының «Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады» деген сөзінің мәніне үнілсек, бүгінгі шара ұлттық құндылыққа негізделген ұрпақ сабақтастығының

көрінісі деуге негіз бар, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Уәли Төрәліұлы саналы ғұмырын ел игілігі жолында сапалы қызмет етуге арнады. Қарапайым шаруа отбасында өсіп-жетілген өреннің білімге құштарлығы бала күнінде-ақ байқалды. Жетіжылдық мектепті бітірген соң Ақтөбе мұғалімдер, Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институттарында шеберлігін шыңдап, тәжірибе толыстырды. Еңбек жолын ересектер арасындағы сауатсыздықты жою бағытында мұғалім болып бастады. Қоғамдық-саяси жұмыстың белортасында жүріп, түрлі лауазымды қызмет атқару арқылы аймақтың мәдени-рухани жағынан дамуына ықпал етті.

Кездесуге жиналған жұрт оның облыстық халық ағарту бөлімін басқарған жылдардағы жемісті еңбегін тілге тиек етті. Әсіресе, азаматтың адамгершілік пен қарапайымдылықтан айнымай, адалдықтың ақ туын аттамай сүрген өнегелі өмірі — өзгелерге үлгі.

— Жиырма жыл табан аудармастан білім саласының басшылығында болу, педагогика саласының әрбір өрлеу сатысы мен жаңа қадамдарына тың серпіліс әкелу Уәли Төрәліұлының нағыз педагог, білім беру ісінің майталманы екенін дәлелдейді. Ол — шынайы жанашырлық пен үздіксіз даму жолының негізін салған ұлағатты ұстаз, — деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

Кездесу кешінде көзқорғандар абырой биігіндегі азаматтың шежірелі өмір жолы, білім көшін ілгерілетудегі көшпелі істері туралы естеліктермен бөлісті. Жиын қорытындысында мерейтой аясында ұйымдастырылған білім және спорт байқауларының үздіктері марапатталды.

Сондай-ақ осы күні облыстың бұрынғы бас ұстазы өмір сүрген үйде арнайы ескерткіш такта ашылды.

Ниет пен тәртіп біріксе

Қазір оз кәсібінді ашып, еңбек етемін десен, мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау көп. Осы орайда, бизнес пен Үкімет арасындағы алтын көпірге айналған «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының еңбегі орасан зор.

Палатаның кәсіпкерлікті қолдауға арналған «Бастау-Бизнес», «Бизнес-Кеңесші» сынды кәсіпкерлік негіздерін үйретуге арналған оқулары, кәсібін енді бастайтын жас кәсіпкерлерге арналған қайтарымсыз гранттар, оның ішінде инновациялық жобаларға арналған 20000000-50000000 теңге аралығында берілетін гранттар, «Қарапайым заттар экономикасы» арқылы екінші деңгейлі банктерден 6 %-пен максималды 10 жылға несиелер беруі бизнестің өсіп-өркендеуіне қолдау емес пе? Айналып келгенде, мақсаты — әлеуметтік осал топтардан шыққан азаматтарды жұмыспен қамту.

Пандемия кезінде Ғалымбек Жаксылықұлы көшін бастаған облыстық кәсіпкерлер палатасы бизнес субъектілерінің ғана емес жалпы экономиканың карантин сал-



дарынан зардап шекпеуі үшін күн-түн демей жұмыс жасағанын көзіміз көрді. Кәсіпкерлердің арашашысына айналған палата қолдау күткен барлық бизнес субъектілеріне қызмет етуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында мемлекет бизнеспен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысатын кәсіпкерлерге

барлық қолдау көрсететінін атап өтті.

«Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі оны керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» деп заманының

заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, ниетіміз бен күшімізді тәртіпке бағындырсақ, біз алмаған асу қалмайды.

Акерке РАХМАНОВА,
облыстық кәсіпкерлер палатасы жобалары сүйемелдеу бөлімінің қызметкері

● КӘСІПКЕРЛІК

Еңбек десе елгезектік танытып, кәсібін нәсібіне айналдырамын деген жандарға қолдау күшейтілмесе, кемімейтіні белгілі. Жұмыр жердің тұрғындарын жұдырықтай жұмылдырған пандемия әлегі кәсіпкерлер үшін оңай соқпады. Десе де, шағын және орта бизнесті дамыту мемлекет үшін қашан да маңызды болып қала бермек.

Бизнесті қолдау бәсеңдемейді

Шағын және орта бизнес — экономиканы әртараптандыру мен жұмыссыздар санын азайтуға, макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақты болуына ықпал ететін басты фактор. Соңғы үш жылда облыс шағын және орта бизнесті дамытуда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Атап айтқанда, жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 30, жұмыспен қамтылғандар саны 17 процентке ұлғайды. Ал, ШОБ-тың жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 13,2-ден 17,8 процентке артты.

Биыл елдегі экономикалық ахуал, ең алдымен, кәсіпкерлік саласына айтарлықтай әсер еткені рас. ШОБ субъектілерінің 74 процентінің қызметі ішінара тоқтатылып, оның ішінде азық-түлік емес тауарлардың бөлшек саудасы, туризм саласы, қоғамдық тамақтану және мейрамхана, жолаушыларды тасымалдау қызметтерінде кәсібін жүргізетін шамамен 10 мыңға жуық субъекті зардап шекті. Бұл жағдай экономиканы әртараптандыру, шикізаттық емес секторды, сондай-ақ шағын және орта бизнесті одан әрі жедел дамыту қажеттігін тағы да растады. Ол үшін Үкімет бұрын-соңды болмаған дағдарысқа қарсы түрлі шаралар қабылдап, облыс деңгейінде іске асырылды. Атап айтсақ, биылдан бастап ШОБ үш жылға табыс салығынан және бақылау-қадағалаушы органдардың тексерулерінен босатылды. Сондай-ақ, 4 мыңға жуық шағын кәсіпкерлік субъектісінде жұмыспен қамтылған азаматтар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдерінен, 147 ірі сауда нысаны бойынша 8822 сауда алаңы жалпы құны 695,8 млн теңге көлемінде жалдамалық төлемдерден, 2020 жылдың соңына дейін мемлекеттік мүлікті жалға алып отырған 189 шағын және орта бизнес субъекті 34,5 млн теңге болатын жалдау ақысынан босатылмақ.

Айта кету қажет, салықтық түсімдер бойынша бюджет жоғалтылымы шамамен 2020 жылға — 4,6 млрд, 2021 жылға — 4,8 млрд және 2022 жылға 5,2 млрд теңгені құрады. Мұнан өзге, 9 мыңға жуық ШОБ субъектілерінің банктер мен қаржы ұйымдарының алдындағы міндеттемелерінің ай сайынғы төлемдері кейінге шегерілді. ҚР Ұлттық банкінің мәліметіне сүйенсек, биыл 9 айда екінші деңгейлі банктер ШОБ-қа 17,3 млрд теңге көлемінде несие берген. Кәсіпкерлік саласындағы бағдарламалар аясында банктер ШОБ-тың 362 жобасына 14,6 млрд теңге, қаржы ұйымдары 772 кәсіпкерге 3,3 млрд теңге көлемінде шағын несие ұсынды.

Биыл «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылдық кәсіпкерлерге шағын несие беру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығына 200 млн теңге, одан бөлек, «Даму» қоры арқылы 1 млрд теңге қаржы тартылды. Бүгінгі күннің өзінде орталық 89 кәсіпкердің жобасына 357,8 млн теңге көлемінде шағын несие берді.

Сонымен бірге, орталық дәріханалардың айналымын толтыруға жергілікті бюджеттен 488 млн теңге қаржы бөлу пысықталуда.

Бұдан бөлек, мемлекеттік бағдарламалар аясында 2863 жұмыссыз бен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтың кәсібін бастауына 1,2 млрд теңге көлемінде қайтарымсыз грант қаражаттары бағытталды. Оның ішінде, «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 58 шағын және жас кәсіпкердің жаңа бизнес-идеяларын іске асыруға 131,5 млн теңге қаржы бөлінген.

Бағдарлама аясында жастардың жаңа бизнес идеяларын қолдауға республикалық бюджеттен қосымша 50 млн теңге қаржы қарастырылып отыр. Бұл қаражат аясында қазіргі таңда басқарма арқылы конкурстық іріктеу шаралары басталды.

«Бизнеске арналған Үкімет» платформасы аясында жыл басынан бері несие және грант қаражатын алуға арналған жобаның жалпы құны 1 млрд 426 млн теңгені құрайтын 1436 бизнес-жоспар әзірленіп, оның бүгінгі күні 535-і мемлекеттік бағдарламалар аясында 475,7 млн теңгеге қаржыландырылды. Бұл өз кезегінде «Бизнеске арналған Үкімет» платформасының қызметін жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың тиімділігін көрсетеді.

Елімізде пандемия жағдайында бизнеске жасалған қолайлы жағдайлар облыста ШОБ саласының дамуына, оның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері өсімінде қайта қалпына келуіне өзіндік ықпалын тигізуде.

Республика халқының 9,2 млн адамы еңбекке қабілетті болса, соның ШОБ саласында 14,7 проценті немесе 1,6 млн бірлігі кәсібін жүргізеді.

Онда еңбекке қабілетті 3,3 млн адам жұмыспен қамтылған. Ал облыс бойынша 342 мың еңбек күшінің ШОБ саласында 92,5 мың адамды жұмыспен қамти отырып, 47,4 мың субъекті кәсібін жүргізуде. Бұл өз кезегінде экономикалық белсенді халықтың 13,9 процентін құрап отыр. Бұл көрсеткіш бойынша өзге өңірлермен салыстырғанда облыс 8 орында келеді.

Жалпы биылғы жылдың 9 айында облыста тіркелген ШОБ субъектілерінің саны 1570 бірлікке немесе 2,9 процентке, жұмыс жасап тұрғандардың саны 1150 бірлікке немесе 2,5 процентке ұлғайған. Бұл ретте, жұмыс жасап тұрғандардың тіркелгендердің ішіндегі үлесі 87,9 процентті құрап отыр. Осы көрсеткіш бойынша облыс Түркістан облысынан кейін 2 орында.

Сондай-ақ, бірінші жартыжылдықта облыста ШОБ саласында 92470 адам жұмыспен қамтылып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,1 процентке өскен.

ШОБ саласының бұл көрсеткіштерінде өсім болғанымен, пандемия жағдайында зардап шеккен өңір экономикасының негізгі салаларының төмендеуі әлі де орын алып отыр. Көтерме және бөлшек сауда айналымының нақты көлем индексі өткен жылмен салыстырғанда — 10, облысқа жалпы сырттан келушілер саны — 50, келушілерді орналастыру орындары (қонақ үй, хостел т.б.) бойынша көрсеткіштің қызметтер көлемі — 58, өнім шығарылым көлемі 16,7 процентке төмендеген.

ШОБ-тың жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 13,9 процентті құраған. Былтырғы жылмен салыстырғанда 1 процентке төмен.

Пандемия шектеулері облыста электронды сауданың өсуіне жағдай жасалды. Барлық сауда нысандары «Клиентке дейін жеткізу» қағидаты бойынша жұмыс істеп, сауда арнайы сайттармен қатар, мобильді қосымшалар мен әлеуметтік желілер арқылы жүргізілді.

Былтырғы электронды сауда айналымы 367 млн теңгені құраған болса, биылғы жыл қорытындысымен 700 млн теңгені құрайды деп күтілуде.

Пандемия салдарынан зардап шеккен қызметтердің тағы бірі — тойхана қызметі. Облыста тіркелген 128 тойхана басшысымен кездесу өткізіліп, оларға қызметтерін қайта бағыттау жөнінде ұсыныстар берілді. Облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары шеңберіндегі дайын жобалар ұсынылды. Бүгіннің өзінде 10 тойхана басшысы қызметін қайта бағыттау жұмысын бастап кетті.

Қазіргі жағдайда облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайын қалыпта келтіру, нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында биыл әр аймақтың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері ескеріле отырып,

«2023 жылға дейін Қызылорда облысын экономикалық дамыту жоспары» әзірленді. Оның аясында өңір халқының тұтынушылық қажеттілігі бойынша сұранысын қанағаттандыру мақсатында экономиканың түрлі салаларында іске асыруда қажет ететін 265 жобаның тізімі жасакталып, бизнес өкілдеріне таныстырылды.

Биыл жалпы мемлекеттік бағдарламалар мен өзге де қаржы көздерінің есебінен жалпы құны 26 млрд теңгені құрайтын 110 жобаны іске асыру қолға алынды. Қазірдің өзінде оның жалпы құны 4,7 млрд теңгені құрайтын 63 жобасы іске қосылып, 545 жұмыс орны құрылды.

Аймақтың туристік әлеуетін арттыру да басты назарда. Аты елге белгілі «Жаңақорған» шипажайы — «Қазакстан Республикасының туристік саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» аясындағы туристендіру картасына енгізілген үш жобаның бірі. Одан бөлек, аталған картаға «Қамыстыбас» демалыс аймағы мен «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағы енгізілген. Бүгінде Жаңақорған ауданында 122 орындық заманауи шипажайдың құрылыс-монтаж жұмыстары толығымен аяқталып, іске қосу жоспарланып отыр.

Күрделі уақыттың қиындығына қарамастан өңір экономикасын дамыту, кәсіпкерлерге серпін беру мақсатындағы жұмыстар легі осындай. Еті тірі, ебі бар, жоспары айқын жандар қашанда қолдау табады. Тек «апам тойға барса, мен де барамын» дегендей ниетпен іске кіріскендер болса, жөн басқа. Қазір кәсіпкерлер үшін бастысы — жағдайға бейімделіп, тиімді бағытта бизнесті жалғастыру.

Фердоуси ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы



● ТАЛҚЫ

РУХТЫ РУХПЕН ОЯТУ КЕРЕК

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

«Сыр бойы» газетінің «Талқы» айдары бойынша сәрсенбі күні бір топ белгілі кісілер дөнгелек үстелге шақырылды.

Келелі әңгімеге облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Уәлихан Ибраев, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор төрағасы, ардагер Сәпен Ансатов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы Аман Әбәсілов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Қарлығаш Жүсіпова, «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Дүйсенбек Аяшұлы қатысты.

Дөнгелек үстелді газеттің бас редакторы Қуат Шарабидинов жүргізіп отырды.

Жалпы бағдарлама үш кезеңге бағытталған. Әрине, рухани

жобалар қосылып, жұмыс істелуде. Әрине, мұның барлығымен біздің қызметкерлеріміз айналысады деп айта алмаймыз, аталған тақырыпқа сай аудан, қала әкімдіктері және салалық басқармалармен бірлесе жұмыс атқарып жатырмыз.

Баспасөз және әлеуметтік желі арқылы жұмыстар үнемі көрсетіліп келеді. Рухани жұмыстарды насихаттау мақсатында осы кезге дейін аймақтық басылымдар мен интернет ресурстарға 3243 мақала жарияланған.

Біздің орталықтың осы уақытқа дейін түрлі этнос өкілдерімен жұмыс жасаудағы кемшін кеткен тұстарын мойындауымыз керек. Облыста 6 жарым мыңға жуық түрлі ұлт өкілдері тұрады. Енді бұл олқылықтарды жою бағытында ассамблеямен бірлесіп, түрлі шаралардың жоспары жасалды. Бұл бағытта орталық іске асыратын көп дүние барын баса айтқым келеді.

Жүргізуші: *Рахмет. Руханият бағытында жүргізіліп жатқан оңды істерге барша жұрт куә. Көпті көрген алдыңғы буынның көзқарасын білсек. Сәпен аға, «Рухани жаңғыру бағдарламасы» аясында қандай мәселелер қамтылмай жүр?*



Білеміз бе? Білмейміз. Білсек те, бейқамбыз. Тіпті, жанымыз ашымайды. Кемшілікті көргенде бүкіл ауыл болып тәрбиелеу керек сияқты. Бұрынғының ақсақалдары біреудің келіні кетіп не қызы қайтып келсе, оны сол елдің басты қасіреті деп білген. «Қайта

ыспалы мағына дегендей. Ал, оның ар жағындағы дүние жайлы ілім жоқ. Мысалы, Ыбырайды «Бай баласы мен жарлы баласы» дейтін әңгімесінде адасқан Асан мен Үсеннің моланы көріп қуанатын жері бар. Былай қарасак, мола дегеніміз көңілге қорқыныш

Сәпен Ансатов: Расында, мәдениет саласының жұмысы көңіл көншітеді. Қашанда қат-қабат жұмыс, қарбалас іс басында жүреді. 2019 жылдың тамызында Өзбекстанда өткен Қызылорда облысының өнер күндеріне қатыстым. Ташкентте Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов»



жаңғыру – ұлт өмірімен біте қайнасып жасай беретін ең басты құндылық. Дегенде, оның кезең көрсеткіштері өміршендігімен бағалы болмақ. Жоғарыда айтқан 3 кезеңнің алғашқысы 2017-2020 жылдарға арналған еді. Ал, біз осы үш жылдықты еңсеріп отырмыз.

«Рухани жаңғыру: Алғашқы кезең айшықтары қандай?» тақырыбындағы дөнгелек үстел басында өрбіген әңгіме осындай деректерді алға тартты.

Жүргізуші: *Рас. Бағдарлама аясында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның бір парасы көне қалалар орнына экспедициялар жасалуда. Қандай жаңа жәдігерлер табылды, рухани қорымызға не қосылды? Атқарылған жұмыспен бірге алоа атқарылуы тиісті қандай міндет бар?*

Уәлихан Ибраев: Рухани жаңғыру – белгілі бір топ немесе бір аймақтың ғана жұмысы емес. Бұл – әрқайсымыздың жанымызға жақын жатқан дүние.

Бұрынғы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» орталығы республикада бірінші болып біздің облысымызда ашылды. Басқа өңірлерде де осындай мекемелер бар. Кейбір жерде шағын бөлім болып жұмыс істесе, кейбірі коммуналдық мекеме болып құрылған. Әзірге біздің тәжірибе көп жерде үлгі болып отыр. Рас, жетістіктермен бірге кемшіліктер де бар.

Біз осыған дейін өз мүмкіндігімізше Сыр өңіріндегі қасиетті жерлерді аралап, жинақтап кітап етіп шығардық. Бұл жерде айта кетуіміз керек, ғалым Серікбай Қосановтың еңбегі ерекше.

Қазіргі таңда аталған бағдарламалық мақала аясында аудан, қала әкімдіктері, облыстық басқармалар 6 негізгі бағыт және 17 арнайы жобамен жұмыс жасап келеді. Биыл қазан айына дейін 1421 шара өтті. Негізгі жыл бойы 2000-ға жуық түрлі бағытта іс-шара өтуі керек. Пандемияға байланысты кейбірі онлайн тәсіліне ауыстырылып отыр.

Ал, санамалап айтсақ, 2017 жылы 153 жоба жүзеге асырылып, түрлі деңгейде 2 мыңға жуық шара өткен. 2018 жылы 185 жоба, 2019 жылы 283 жоба бойынша халықтық құндылықтарды насихаттайтын іс-шаралар қамтылған.

Жыл сайын жаңа жобалармен толығып келеміз. Биыл «Дәстүр және ғұрып», «Үнем – қоғам қуаты», «Еңбек – елдің мұраты» және «Құқықтық мәдениет» сияқты

Сәпен Ансатов: Елбасы ұсынған осы бағдарлама бар, одан бөлек «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бар, барлығының да халық үшін өте керекті, жақсы дүние болғаны анық. Жақсы дүние болатыны сол, рухани құлдырап бара жатқанымыз, адами болмысымыздың төмендеуі басты мәселемізге айналып тұрғанда бұл бағдарлама олқылықты толтыруға, қоғамды сауықтыруға өзінің қажет екенін көрсете білді. Бірақ, бағдарламаның іске асырылуында әлі де орашолалық бар.

Жаңғыру деп, киелі орындарды түгендеп, жер қазып кеттік. «Алтын адаммен» мақтанамыз. Жылқыға бас білдіргеніміз тағы бар. Домбырамызды тартып, шулатып, рухани жаңғыра аламыз ба? Мәселеге тұп-тамырынан үнілсек керек.

Қазір адамның құлдырап бара жатуына не себеп? Қайтсек, Абайдың «толық адам» іліміне келеміз? Бізде неке тұрақсыздығы, әрбір үшінші отбасының ажырасуы орын алып отыр. Жас қыз балалардың жолбіке атануы, нәрестелердің коқыста табылуы, балаларының карт әке-шешесін қариялар үйіне тапсыруы – осындай мейірімсіздік қазақ болмысында болып па еді?

Бұл рухани жаңғырудың өзі – баяғы бабаларымыздың ірілігін, кісілігін, сөзге тоқтайтын, ар-ұяттылығын, иман байлығын үлгі ету, ұрпаққа насихаттау. Қазір сөзге тоқтап, үлкен құрметтеу тым аз.

«Рухани жаңғыру» дегеніміз – бабаның тұнып тұрған өнегетәлімін бүгінгі ұрпақ бойына сіңіру. Менің өз ойым, қазіргі жұмыстарға, атқарылып жатқан түрлі жиындар мен шараларға көп қанағаттанбаймын. Біздегі шаралардың қалай өтетіні белгілі. Бұрынғысы бар, қазіргісі де. Әсіресе, мына пандемия деген жалқауларға өте жақсы болды. Онлайн режим дейді. Ел ішінде той, құдайы жолы секілді рәсімдер екі жүз адаммен өтіп жатқанда, карантин талабын сақтап, адам санаған саналы дүниелер өтпей қалып жатыр.

Келесі бір айтатын жайт, біз орталықта отырып ештеңе де шешпейміз. Біз өткізгенмен, шараға келетіндер де ат төбеліндей топа.

Нағыз шараны ауылда өткізу керек. Ел арасында. Бұқаралық сипат алатындай етіп. Мысалы, бір ауылды алар болсақ, соңғы 5 жыл ішінде қанша отбасы ажырасып, қанша қыз қайтып келді?

шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» деген мақалдың астарына үңілейік, аталарымыздың екі жастың ажырасуын жау шапқан жаман оқиғаға теңеуі тегін бе? Сондықтан ел ақсақалдары екі жасты жарастырып, екі рулы ел арасын ажыратпауға бар күшін салған.

Бір ауылдың іш-сырты жайнап тұрғанмен, онда неше адам ажырасқаны, неше адамның араққа салынғаны, есірткіге тәуелдісі, сотқарлары бар ма, ешкімнің шаруасы да жоқ онымен. Ауылдың тәртібіне, рухани құндылығының артуына арналған жұмыс жоқтың қасы. Ал, біз айтып отырған бағдарламаның басты мақсаты да осы.

Жүргізуші: *«Қарты бардың қазынасы бар» деген, орынды пікір. Осы ретте біз ескеретін нәрсе, «рухани жаңғырудың» ауқымдылығы. Енді бізде тіл мәселесі, оның ішінде латын әліпбиіне қатысты шаруалар жайы қалай болып жатыр?*

Аман Әбәсілов: Жаңа Сәпен аға айтып өткендей, атқарылуға тиісті, атқарып жатқан тірлікте кемшін тұстар жоқ емес. Бағдарламаның о бастағы идеясы дұрыс болғанымен, осы нәрсені игеріп кетуде аяқ алысымыз шабандар. Әсіресе, латын әліпбиіне қатысты айтсақ.

Бұл үш жыл бұрын көтерілді. Бірақ, әлі сол күйінше. Әңгіме сол латынға өту жайлы ғой. Бірде-бір өзгеріс жоқ. Біз айтып, ғалымдар мәселе қылып көтергенмен, пікіріміз іске аспай қалуда.

Облыстағы жиындарда, университеттегі басқосуларда айтып келеміз бұл мәселені. Екіншіден, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсеткендей, Ұлы даланың ойшылдарын насихаттау жұмыстары басталып, ғылыми жобалар жазылуда. Олардың тіл мен қоғамға қатысты ой-пікірлерін жинап, кітап шығару жұмыстары қолға алынбақ. Сонау әл Фарабиден бастап бергі ағартушылардың ұлттық болмыс, адами құндылықтар, тіл мен қоғам арасындағы байланыс жайлы пәлсапаларын жинақтаймыз.

Екінші бір жоба, жаңа орталық басшыны аятып отырғандай, топономиялық жер-су атауларына қатысты болмақ. Сырдағы атаулардың барлығы тегін емес. Әрқайсысында бір тарихи дерек немесе аңыз бар. Осы нәрсенің барлығы ұмытылып барады.

Тағы бір айта кететін жайт, мектепте де, жоғары білімде де біз сөздің мағынасын ашып қана үйретіп келдік. Тура немесе ау-

тудырса керек. Бірақ, Ыбырай әңгімесіндегі балалар сол сәтте қуанады. Өйткені, олар жақын жерде ел бар екенін білді. Бұл «молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады» деген қазақы ұғымды көрсетеді. Сол сияқты, осы жер-су аттарына қатысты немесе танымдық лингвистикаға қатысты көп білім беруіміз қажет. Ғылым да, тіл мамандары бұған дендеп еніп жатыр. Кеңестік кезде ілім-ғылым Еуропадан келді деген түсінік қалыптасты. Білім-ғылымның барлығы Еуропадан шықты деуге мүлде болмайды, өз ағартушыларымызда да, баба тілінде де елге керектінін бәрі керемет көрсетілген.

Дүйсенбек Аяшұлы: Мен киелі жерлер турасында айтылған пікірге өзгешелеу пайыммен қараймын.

Біздің ұлттық рухымыз сол киелі жерлерде жатыр. Осыдан біраз уақыт бұрын ескі Сауранның орнына бардым. Алып батырлар секілді ғасырларлармен егеске түсіп, еңесін жоғары ұстап тұрған қабырғаларды көріп қайран қалдым. Сыны кетпеген қыштардың үстімен жүріп келе жатып табаныман бойыма қуат тарағандай күй кештім. Біз сондай киелі орындарға жас жеткіншектерді жиі апарып, аралатсақ екен. Олардың кеудесінде ата-бабаларының көміліп қалған інжу-маржандарын аршып алуға деген құштарлық тұсын. Рухты рухпен ояту керек.

Латын әліпбиі жайлы да екіжақты ойланамын. Біріншіден, біздің төл дыбысымызды жұтып қойған кириллицадан латынға ауысу ұлттық болмысымызға оралуудың бір жолы екені анық. Алайда, «көпір үстінде ат ауыстырмайды» дегендей, асығыстық керек емес сияқты. Біздің ұлтымыздың қаншама жауһарлары мен құндылықтары осы кириллицаның тінінде жатыр. Ертенгі күні көпұлтты елімізде жік-жікке бөліну жағдайы орын алмас па екен деген де уайым бар. Сондықтан, зиялы қауымның латын әліпбиін үйренуді балабақшадан бастау керек деген пікіріне қосыламын. Сонда бұл үдеріске тұтас бір дәуір ұрпағы келеді.

Жүргізуші: *Кейінгі кезде пандемияға қатысты мәдени шараның барлығы онлайн тәсілге өтті. Көрермен саны шектелді. Сонда да рухани-мәдени шаралар қолдағы бар мүмкіндікті қарастырып, халықтан көз жазған жоқ. Қазір мәдениет саласы әлеуметтік желілер арқылы өте белсенді жұмыстар жүргізіп отыр.*

спектаклі қойылды, Науаида өнер шеберлерінің концерті өтті. Осы кезде де мәдениет өкілдерінің өзгеше сипаты көрінді. Айтайын дегенім, Темірбек Жүргеновтің бір өзінің бейнесі арқылы да ұлт ұстыны танылады. Бұл қазақтың барлық болмысын бойына тоқыған Қараның баласы еді, оның өз халқын сүйі, еліне еткен қызметі әрбір жастың рухын қанаттандырып, санасын сәулелендіреді. Осы бағыттағы жұмыстарды да жандандыра түсу ойдан шықпау керек.

Қарлығаш Жүсіпова: Наурыз айынан басталған карантиндік шектеулерге басында көңілге алмағанмен, оған қазір біздің ұйымдастырушылар да төселді. Аман жоқ, өйткені тәртіп бірдей әрі әлем бойынша орын алып жатқан жағдай. Мәдениет саласына қарасты мекемелер де онлайн режимге көшіріліп, спектакльдер, концерт, көрме мен экскурсиялар тұрақты өтуде. Бұл форматқа қазір көрермендеріміздің көзі үйренгендей.

Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында елдің рухани-мәдени танымын көтеру мақсатында «Тау тұлға Тұрмағанбет», «Бабалар тарауы», «Жыр мұра», «Жауһар жыр», «Алдаспан», «Алтын уық», «Сағынышқа айналды бейнен», «Асыл мұра» жобалары тұрақты түрде жүргізілуде.

Кеменгер Абай ұлағатын насихаттау мақсатында 900-ге жуық шара ұйымдастырылса, Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдығына орай 412 мәдени-ағартушылық шара, Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығына орай облыс кітапханаларында кітап көрмелері мен танымдық шаралар өтті.

Мәдени қызметкерлер телеарнадағылар сияқты жұмыс істейтін дәрежеге жетті. Қазір 50 адамнан артық емес көрерменнен театрлар, 30 адамнан аспайтын кітапхана мен музейлер жұмысы жүріп тұр. Әрине, маска режимі мен әлеуметтік арақшылықты сақталады.

Жыраулық дәстүр де жалғасын тауып, қобыз үйірмелері ашылып, аудандық әкімдіктерге арнайы штатқа ұсыныс берілді. Қазір маман бар жерлерге ашып та беріп жатырмыз.

Жүргізуші: *Бүгінгі басқосуға қатысқандарыңызға алғыс айтамын. Алдағы уақытта да «Талқыда» өзекті тақырыптарды талқылайтын боламыз.*

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Н.НҮРЖАУБАЙ



Жеңіс бес жасынан жаңа туған жас төлдің қаракөл жүніне қарап малдың денсаулық жайын, отардың ішінен ауру-сырқауын айнытпай табатын зеректігімен танғалдырып жүрді. Ал он жасында келімді-кетімді қонақтарға арнап атасы көрсеткен ұсақ малды өзі жығып, бауыздап, мүше-мүшеге бөліп соятын болды.

Екі жасынан тілі қазақша шыққан бала төрт жасынан қолына домбыра ұстады. Атасының жанында көп жүргендіктен бе, сөзге ділмәр, шешен болып өсті. Ес білгенінен өзі сөзін құрап, ән шығаратын болды. Ауыл-үйдің маңында аты шыға бастаған Жеңісті кейін аудандық сахналық жарыстарға үзбей шақыратын. Ақындар айтысында алдына жан салмай, талай мәрте жүлделер атанды. Малдай, шапандай алған жүлделері көбейді.

Он алты жасынан асқан шебер қырықтықшылығымен аты шықты. Қырықтықшының жай қайшысымен күніне отыз бас қой қыркып, алдына жан салмады. Кейіннен қырықтық механикаландырыла бастаған кезде күніне жүз елу бастан топырлатып қырақатын болды. Аудан көлемінде Жеңістің алдына түсетін қырықтықшы жоқ-ты.

Жігіттігі толыса бастағанда Жеңіс екі иығы қақпақтай, сымдай тартылған, бұйралау сары шашты жігіт болып шыға келді. Құмды ауылдың аптап желі жігіттің сарғыш өңін қағып, қызыл шырайлы, қоңырқай жігітке ұқсатып жіберді.

Ағайындарының арасынан бөгделеу көрініп тұруды қаламады ма екен, шашын үнемі тақырлатып жүретін болды. Сөйткенде, жып-жылтыр бас құйқасы құмды ауылдың аңызқак желімен жылдам күйіп, әсіресе түркі тымақты баса кигенде қырдың қара қазағынан аумап қалды.

Қойбағардың малды ауулы үнемі қырдан-қырға көшіп жүрді де, қайдағы оқу болсын, Жеңіс сол күйі мектепке бара алмады. Мектеп көрмеген, орта білім ала алмаған жас жігіт әскерге шақырылмай қалды. Жиырмаға толар шағында көрші ауылдың Ұлболсын деген қызын айтырып, екеуі шаңырақ көтерді. Бүгінде соңдарынан ерген бір ұл, бір қыздары бар.

Үй мен түздің бүкіл шаруасы Жеңіс пен Ұлболсынның мойнында. Қой жаодың қыр-сырын әбден меңгерді. Қай кезде қандай жайылымды пайдаға жарату, жүт жылығ қыста қай құмның астында қалайша қолмен шапқан шопті қалтарыста елеусіз қормалдап қою, қойды қолдан ұрықтандырудың қыр-сырын ат жалын тартып мінгеннен зеректікпен меңгерді. Ат үстiнен дойыр қамшымен талай рет қасқыр да соғып алды. Қойдың терісін тұздап, кептіріп, кейін кеншардың қоймасына тапсыру жағын Ұлболсын екеуі шыл-шырғасын шығармай атқаратын.

Ет жеп, сорпа ішіп болып, құмды ауылдың кешінде самалдап далаға шыққан кезде Алексей жолдас Қуанышпен жеке қалып, маңағы әңгіменің әсерінен айыға алмай тұрған бір мезетте оған: – Кейіннен Жеңістің әке-шешесі туралы ештенсе сұрап бел алмадыңыз ба? – деп сауал тастады.

– Туған баламыздан артық болып кетті ғой. Әйтсе де, бір комсомолдар келіп, әрнені сұрастырып, қағаздарына бірден-бірдене түртіп алып кеткен, хабар болса, айтамыз деп. Одан бері де үш жылдай өтіп кеттіпті. Ешқандай хабар-ошар жоқ. Қайта баланың итқойлегі бар еді, соны да алмақшы болды ғой, бермей алып қалғаным мұндай жақсы болар ма?!

– Қандай итқойлек? – Варшаваның түбінен алып, вагонға отырғызар кездегі қитен қойлегі ше? Кеудесінде біздікінен бөтен бір әріптер тігілген. – Ол қойлек қайда, алыста ма? Көруге болар ма екен? – Үйдегі әбдіренің бірінде жатқан болар. Әйелімнен сұрап көрейін.

Бұлар бір айналып әлде кіргенде, қойшының жары үйбөрі түйіншекті әкеліп алдарына қойды. – Мінекінің, – деді Ұлболсын. – Арасында бір кішкентай темірі бар. Онысын бар рет жоғалтып ала жаздап, тауып алдық қой, әйтеуір...

Алексей түйіншекті еппен ғана ашты. Ішінен сәбидің кіп-кішкентай көк түсті итқойлегі шықты. Алдыңғы он жақ етегіне таман ашық түсті жібек жіппен айшықтала тігілген латынша V.S деген жазу көрінді.

– Айтақшы, мына бір затты ұмыттың бара жатыр екенмін, – деп әйел бұған тағы бір шап-шағын түйінді ұсынды. Алып еді, ішінен католиктердің кішкентай күміс крестігі шықты. – Бауы да болған. Керек болып жатса, оны тауып берейін.

Мейман бұл заттарды мұқият қарап шығып, бұйымтайын барынша баяндап жеткізетінін деген басыңқы дауыспен:

– Мына заттарды біраз күнге маған бере тұрыңыздар, – деп қиналақтай сұрады.

Алматыдан келген үлкен ұлықтың сөзін жерге тастай алмаған екеуі бұған келісті. Облыстың басшылары да мұны қолдады.

Ұлықтың көмекшісі заттарды қол сөмкеге ұқыптап салып алды.

Ол жылдары пионерлер мен комсомолдардың із кесуші отрядтары қызу жұмыс істейтін шақ. Соғыста із-түссіз кеткен мыңдаған, он мыңдаған жауынгердің ізіне түсіп, олардың дерегін туған-туыстарына тауып беретін заман еді ғой. Алексей де сондай із кесушілердің көмегіне жүгінуді жөн санады.

Алматыға келген соң, із кесушілердің республикалық штабының командирін өзіне шақырып алды. Қарақұмнан алып қайтқан заттарды оның алдына жайып

Нью-Йорк университеттерінде ағылшын, неміс тілдерінде майын тамызып талай рет лекция оқыған ғұлама адам.

Алексей Мәскеуден орала салысымен кейінгі оқиғалардан Қызылорда облысының басшыларын құлағдар етті. Жеңісті өзінің нағыз әке-шешесімен жолығуға даярлау керек. Поляк болмаса да, орыстың тіліне аздап баулыған жөн.

Арада тағы да біраз ай өтті. Келер жылдың мамыр айында Мәскеуден поляк елшісі телефон шалды.

– Сіздің мәселе бойынша біраз жаңалығым бар. Кездескеніміз дұрыс болар еді. Қарсы болмасаңыз, Алматыға ұшып келуге даярмыз, – деді елші.

Алексей алдағы аптада Мәс-



ҚЫЗЫЛҚҰМ ХИКАЯСЫ

– Крестик бір түрлі бөлектеу екен. Іші қуыс сияқты. Ашып көрейік. Бар құпия осында тығулы жатуы мүмкін.

Расымен де, әлгі қуыстың ішінен бір ұсақ қағаз шықты.

– Мына қағазды біз ашып оқи алмасың. Әбден ескіріп, күлге ұқсап кеткен. Шашып алармыз. Криминалистерден сұрамасқ. Ішкі істер министріне телефон шала аласыз ба? – деді штаб бастығы.

Алексей министрмен сөйлесті. Арада бір апта өтті ме, өтпеді ме, ол Алексейдің қабылдауына қайта сұранды.

Бір жапырақ қағазда поляк тілінде Варшавадағы көшенің қанға бөгіп жатқанын көрген. Фантистер әуеден тұтқиылдан төнгенде анасы сәбиін кеудесіне басып, төменгі текшеде отырған. Жас әйелдің бүкіл денесінде жаракат алмаған жер қалмаған. Сонда құртқақандай сәбидің осындай алапаттай тірі қалуы мүмкін бе?!

– Не істейміз? Іздеуді одан әрі жалғастырамыз ба? – деп сұрады із кесуші.

– Әрине. Сіздер бұндай шаруаның қыр-сырын әбден меңгергенсіздер ғой. Бір нәтиже шығып қалар.

Қалап алынған дүние Қуанышқа қайтарылды.

Уақыт шіркін зымырап, арада төрт ай өте шықты. Бір күні Алексей жолдасқа штаб командирі телефон соқты.

– Өте қызық жаңалықтар болып жатыр. Сізге қашан кіріп шықсам болар екен?

Кездесу танертенге белгіленді. Жеңістің нағыз әке-шешесі табылыпты. Варшавада тұрып жатыр. Әкесі профессор Сикорский мырза – Польшадағы өте танымал адамдардың бірі. Ал анасы – ұстаз. 45-жылдың мамыр айында «Плоцк» деп аталатын стансаның түбінде жолаушылар пойызына тұтқиылдан шабуыл жасалған кезде кішкентай сәбиінен айырылып қалады. Баланың анасы шабуыл кезінде қатты жаракат алып, есінен танып қалған. Сәбидің есімі Виктор болған.

Осы жайттың барлығын тәптіштеп баяндап шыққан коман-дирдің одан арғы сауалы:

– Әрі қарай не істейміз?- болды.

Алексей Васильевич маңындағы әріптестерімен ақылдасты. Мәскеудегі Қорғаныс министрлігіне хабарласты.

Ақыры ерлі-зайыпты екеуге осы хабарды барынша сақтықпен жеткізу керек деген тоқтам жасалды.

Бұл уақиға Алексей жолдасты жан-дүниесін жанаша екпінмен қайта жаулады. Мәскеуге кезекті бір сапары кезінде Польшаның Кенестер Одағындағы елшісімен арнайы кездесті. Әңгіме үстінде болған жайтты бастан-аяқ түгін қалдырмай баяндалы. Ендігі мәселе – осы шаруаны қалай да аяғына дейін жеткізу.

Бұл төтенше жайт елшіні ерек ойландырып тастады. Бір кезде шырыққан дауыспен:

– Профессор Сикорский – біздің мемлекетте есімі белгілі, беделді адам, – деді. – Қазір елдегі бас университетте кафедра меңгерушісі. Ғылым саласы бойынша бірнеше мәрте Нобель сыйлығына ұсынылған. Мынадай ақпараттық сөз үшін сізге көптен-көп рахмет. Мен бұл жағдайды өз елімнің басшылығына міндетті түрде мәлімдеймін. Сізді де құлғдар етемін.

Елші естіген жағдаятына әлі де сенер-сенбесін білмегендей, тағы біраз үнсіз қалды.

Профессор да, әйелі Ядвига да орыс тіліне жетік көрінді. Профессор – басқа да тілдерді жақсы меңгерген. Кембридж, Берлин,

кеуге бармақшы болатын. Сондықтан Қазақстанның Мәскеудегі өкiлдiгiнде кездесек болып келiстi.

Елші өз еліндегі осы жайттың төңірегінде орын алған соңғы оқиғаларды сабырмен баяндады:

– Варшавадағы дипломаттарымыз профессор Сикорскиймен, ол кісінің зайыбымен бұл тақырыпта абайлап сөйлесіп көрді. Әрине, алар алғашында жас жігіттің өз баласы екендігіне сене қоймады. Дегенмен, толқулары біраз басылған соң, онымен кездесу ұйымдастырасыңыздар деген өтініштерін айтты.

Ядвига ханым: «Оның біздің Франтишек екендігіне күмәнім бар» депті. Вагонда болғандардың біреуі сәбидің кеудесі сөгіліп, қанға бөгіп жатқанын көрген. Фантистер әуеден тұтқиылдан төнгенде анасы сәбиін кеудесіне басып, төменгі текшеде отырған. Жас әйелдің бүкіл денесінде жаракат алмаған жер қалмаған. Сонда құртқақандай сәбидің осындай алапаттай тірі қалуы мүмкін бе?!

Алматыдағы республика басшылығы өзара ақылдаса келіп, профессор Сикорскийді жұбайымен Қызылордаға шақыруды ұйғарысты. Басқа жұмыс бастан асып жатқанда, осы шаруаға беркер кілкілтік дегендер болмай қалмады. Ақыры, бұл іспен байланысты барлық шаруа Алексейге жүктелді.

VI

Польшадан келген меймандарды Қызылорданың әуежайында бір топ лауазымды адамдар қарсы алмақ. Мәскеуден ұшып шыққан ұшақ Қызылордаға кешкісін келіп қонды. Орысша еркін сөйлейтін ерлі-зайыптылармен тіл табысу қиынға түспеді. Түнде облыс орталығында демалып, Қызылқұмға тікұшақпен күндіз ұшып шығу ұсынылды.

Меймандар кешкі тамақтың алдында, қас қараймай тұрып, көне қаланың қызықты жерлерін аралады. Ел астанасы Орынбордан Алматыға ауыспас бұрын біраз жылдар Қызылордада тұрғанын біліп танғалысты. Петербордың, Орталық Ресейдің басқа да қалаларындағыдай үлгіде салынған бұрынғы Үкімет үйін аралап көрді.

Кешкі астың үстінде Алексей орайы келгенде Варшаваның түбіндегі темір жол стансаларының бірінде соғыстан қайтқан совет солдаттары өлімнен құтқарып қалған жас баланың тарихын тағы бір рет абайлай баяндап берді.

– Ол қазір зінгіттей жігіт. Төрт жасар ұлы, бір жасар қызы бар. Таза қазақ дәстүрімен тәрбиеленген, – деп жорға әңгіме арасы етіп тұжыры.

Облыс басшыларының бірі әскери борышын Польшада өтеген еді. Сол кісі де сөз кезегі келгенде: – Өзі поляктарға көп ұқсамайды. Неміске көбірек келеді. Өте бір тамаша жігіт. Тек орысша бір ауыз сөз білмейді, қазақша ғана сөйлейді, – деді. Сосын: – Домбырада қалай шебер ойнайды деңіз! – деп қосып қойды.

Меймандар көңіл үшін әңгіме желісіне араласып отырғанымен, құстың сүтінен өзге барлығы бар ток дастарханнан жарытып ештенсе алмады. Тек қаймақ қатқан қою шайды құрт жей отырып, бірер қайтара ішкендері болмаса. Көңілдері аса алаң болып отырғаны айдан анық еді.

Бұл екі арада Жеңіске сол бір соғыстың соңғы жылынан бергі бүкіл оқиғаның мән-жайын Қуаныш еді қысқаша баяндап берген. Шетелден меймандар ке-

ле жатыр. Поляк деген ағайын. Жеңістің нағыз ата-анасы солар болып қалуы ықтимал дегенді Қуаныш сыналап жеткізді.

Жеңіс ойда-жоқта, тосыннан топ ете қалған мұндай жаңалықты өте ауыр қабылдады.

– Менің өзімнің туған әке-шешем бар! – деді ол ышқына айғайлап. – Маған өзгенің әке-шешесінің керегі жоқ. Қаласандар, өздерің қарсы алыңдар.

Осылай қатты күйінген күйі қолын бір сілтеп, көлдің арғы жағалауына өтіп, құмды жағалауда ұзақ ойланып отырды. Сүтпісірім уақыт өтіп, сабасына түсті-ау деген кезде, әкесі қатты ойға шомған Жеңістің жанына жакіндады.

– Келетін қонақтар қазақша біле ме? – деп сұрады ол әкесі

ХИКАЯТ

Білмейді, балам. – Ал сонда мен олармен қалайша сөйлеспекпін?! – Жеңістің мөңкіген мінезі біраз сабасына түсті-ау деген мезетте үлкендер аудармашы деген болатынын, сұраққа қалай жауап беру керектігін, жалпы, шетелден келген азаматтардың алдында өзін қалай ұстау қажеттігін айтып, түсіндіріп бақты. – Олардың маған не керегі бар? Өздерің-ақ сөйлесе бермейсіңдер ме? Бәрін өздерің білесіңдер ғой. Мен қойдың маңында болайын, – деп қырсықты. – Олай жараспайды, ұлым. Келе жатқан адамдар – біздің ғана қонағымыз емес, бүкіл облыстың, бүкіл қазақ елінің мейманы. Қазақтың қонақжай халық екенін білесің, дұрыс қарсы алып, дұрыс шығарып салуымыз керек, – деді әкесі. Сосын: – Ал сен Роза екеуіміздің ұлымыз болып қаласың, Сені ешкімге бермейміз. Біз қартайған кезде, сен де бізді жалғыз қалдырмасың деп сенемін, – деді үніне біртүрлі діріл қосылып.

Меймандар келер кезде біздің жақ Жеңісті келістіріп тұрып даярлады. Қаладан арнайы алдырылған шаштараз сол жылдары

«полька» деп аталатын модалы паш қойыс бар еді, соның үлгісімен Жеңістің шашын әдеміліп бастырды. Өсіп кеткен сакалын алғызды. Ақ қойлек, ақшыл түсті көстөм бойшаң, келісті жігіттин нығына қона кетті. Аяғына таза былғарыдан тігілген туфли кигізді. Жеңіс тек галстук тағудан мүлдем бас тартты.

Жана кимге бастыққанша бір жұма өте шықты.

VII

Меймандар мен олардың басы-қасында жүрген жергілікті басшылардың бір тобы облыс орталығынан тікұшақпен танертен ертемен ұшып шықты. Көңілдері алабұртқан меймандардың ертеңгі асқа зауықтары соқпады. Таңғы шайды қойлы ауылдан бір-ақ ішерміз десті. Әуежайға барар жолда Ядвига ханым сұр бермеді. Меймандар мінген көліктің алдын кесе-көлденен қиып өтіп бара жатқан, белін қайқайтып қарағаш атрылған бақырауық есек мінген қарадомалақ балаға қарап бір-екі сөз қалжың айтты. Бірақ әуеге көтерілісімен әйелдің екі иығы секілдеп, теріс қарап біразға дейін күйзеле жылап отырды. Күйеуінің нығына басын салып:

– Мүмкін, расымен де біздің баламыз шығар... – деп кемсендеді. Профессор жұбайын нығынан құшақтап, өзіне тартып, бірнәрсені деп күбірлеп, сабырға шақырды. – Бәлкім, тыныштандыратын дәрі керек болар? – деп сұрады ханымның жай-күйін байқап қалған екінші ұшқыш.

– Жоқ, керегі жоқ, бізде бәрі бар, – деді профессор. Арада бір сағаттай уақыт өткенде, тікұшақ кішкентай көлшіктің жағалауындағы қойлы ауылдың іргесіне келіп қонды. Ақшанқандай төрт киіз үй тігіліпті. Тіпті, жалт-жұлт етіп көздің жауын алады. Алексей таза ақ жүнді киізден құрылған шет-кісін он екі қанатты ма деп қалды. Соңғы келгенде мұнда жетімсіреп екі-ақ киіз үй тұрған-ды.

– Жарайсыңдар, жақсы даярланыпсыңдар!», – деп ішінен қатты разы болды.

Көлдің маңында ойнақтап жүгіріп жүрген бір топ бала тік-

ұшақты көре салысымен киіз үйдің ішіне кіріп жоқ болып кетті.

Меймандарды Қуаныш Қойбағаровтың өзі қарсы алуға шықты.

– Орысша білесіз бе? – деп сұрады одан профессор Сикорский.

«Соғыс кезінде аздап сөйлеуші едім. Қазір сол аз-маз сөзімнен айырылып қалдым», – дегенді Қуаныш тілі жеткенше жеткізгендей болды.

Әрі қарай өзінің жалпақ қазақшасына көшті. Қызылқұмға алғаш аяқ басқан қонақтарды ең үлкен киіз үйге бастады.

Меймандар кіреберіске аяқ киімдерін шешіп, аппақ шаңқақандай ақбоз үйдің төріне озды. Қабырғаны жағалай бұхар кілемі ілініп тасталған. Оның үстіне қасқыр мен түлкінің әбден иіне келтіріп өңделген терісін, тобылғы сапты төрт өрім қамшы, аңшы мылтығын іліп қойыпты.

Еденге бірнеше қабат ақ киіз төселген, оның үстіндегі нақышты кілемдер көздің жауын алып жайнап жатыр. Киіз үйдің ішін айнала төселген кілем үстіне түісе жүні салынып тігілген жеңіл көрпешелер жайылып, үстіне аппақ ақзу матамен қапталған көп жастық тасталыныпты. Кіреберіс оң жаққа ақшыл сары түсті былғарымен қапталған нағыз еуропалық диван қойылыпты. Алыстан келген меймандарға арналғаны анық. Олар тізе бүгіп отыра алмайды ғой.

Қойбағар әулетінің жер түбінен келген қонақтарын қарсы алуға өте жақсы әзірлік жасалғаны байқалып-ақ тұр. Үй іесі ішке кіргендерге еркін жайғасып отырыңыздар дегенді ыммен көрсетті. Алматы мен облыс-ауданнан келген үлкендердің барлығы оп-онай малдас құрып, жайғаса отыра-отыра кетісті. Тек поляк меймандар ғана дәл осылай жасағысы келсе де, өйтіп отыра алмай, ә дегеннен мазасы қашты.

– Диванға тізе бүксек қайтеді?– деді Ядвига ханым ыңғайсыздана қызарқастай. – Аяғым икемге келер емес.

– Неге болмасын! – деп үй іесі ұшып түрегелді.

Ерлі-зайыпты екеуі диванға жайғасты.

Жергілікті адамдардың бірі: – Біз еденге отырып дағдыланғанбыз. Диванға отырсақ, арқамыз ауырып, мазамыз кетеді, – деп қойды.

Білер мезет әңгіме ауаны Қызылқұмның жағдайына, мына іргелегі ғажап көл жайына ауысты. Бәрі де жақсы-ақ шіркін, бірақтағы кейде шыбын-шіркейдің мазаны кетіріп жіберетіні бар.

Бір кезде киіз үйдің есігі шалқалай ашылып, ішке ұзын бойлы, келісті жігіт кірді.

– Міне, біздің ұлымыз осы, – деді Қуаныш. – Балам, мына алыстан келген меймандармен амандас.

Жеңістің жаңаша бейнесін көргенде Алексейдің таңырқағанын аузы ашылып қалды. Бұл бағылдағы еріні кезеріп, күнге қатты-қатты жүрген Жеңіс емес-ті. Кіреберісте еуропалық үлгіде ақ қойлек, ашан костюм киген, жіптіктей бойшаң, шашын әдемілеп бастырған, тіпті киноға жетектеп әкеліп түсірсе, соған лайық әдемі, келбеті келісті жігіт түр еді.

– Ассалаумағалейкүм! – деп жігіт іштегі меймандармен жағалай көл берісе амандаса бастады.

Ядвига ханым жас жігіттен көзін айырып ала алмай, қаққан қазақтай қалшып қатты да қалды. Жеңіс ол кісіге тайп келіп қолын ұсынаған кезде, әйел орнынан тұра бере, дірілдеген аяғын нық баса алмай, бір жағына қарай құлай берді. Жанында тұрған ер-азаматтың біреуі қолынан ұстап үлгерді.

– Жүрекке ішетін дәрі кімде бар? Тезірек! – деді әлдекім асып-сасып.

Профессор портфелінен әлде-недей кішкентай құты алып шығып, аузын ашты да, жұбайының мұрнына жақындатып, иіс-кете қойды. Ядвига ханым заматында есін жиды.

– Соның дәл өзі! – деді әйел шаңла-жансар ес-түссіз күйде, тұрғандарға жағалай жалынышты күйде жалтақтай қарай беріп. Сосын көз жанарын еріне тоқтатып:

– Отыз жасында сен де дәл осындай едің. Тұп-тура сенің көшірмен. Айынамаған сенің көз-қарасың. Сол жақ құлағының тұсындағы мені де айнамайды. Құдайыма-ай!

Іштегілер иба сақтап, сыпайы қалыпта сыртқа шыға бастады. Профессор Алексей мен үй іесіне қала тұрыңыздар деген белгі берді. Үшеулеп Ядвига ханымның ес жоюына жәрдемдесті. Әйел диванда отырып, ес шақырып, шашын жинастырып, қалшықа келе:

– Бұл біздің Франтишек. Мен оны бірден таныдым. Отыздағы айнымаған әкесі. Құдайыма-ай, енді не істедім?! Барлығына мен кіналімін! Қолдағы баладан

● ҰЗАҚ БАҒАЕВ – 90

БАҒАЕВ МЕКТЕБІ

Бауыр басқан Зекең – Зейнулла Жарқынбаев редакторлықтан босады. Қым-қуыт әңгіме өрбіді. Неге босады? Арыз жазғыштардың қардай борап тұрған кезі. Бірер азаматтың арызымен мұның алдындағы редакторымыз Хамза Сыздықов орынбасарлыққа төмендеген еді. Ал, Зекең төмендемеді, облыстық Кеңес төрағасының орынбасары болды. Ол кісі – әскери адам. Ешкімге илікпейтін, Кеңес төрағасы Ә.Асқаровпен шәлкем-шалыс келді деп еститінбіз. Зекең үзеңгі қағыстырып, тік айтар мінезін кеңес төрағасымен қызметтес болғанда да байқатты. Туымы бөлек атбегі Көштай атаның тәрбиесін көрген Зекеңнің тура бидей тура айтатын мінезіне қайран қалатын едік.



Сонымен Зекең кеткен соң редакторсыз біраз уақыт өтті. Кім келеді? Әркім әртүрлі топшылады. Біреу Сейіл Боранбаевтың, енді біреу Қалқабай Әбеновтің есімін атады. Мұның бәрі бос сөз болып шықты. Орталық комитеттің бұйрығымен «Социалистік Қазақстанның» ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Ұзақ Бағаев редактор болып келді.

– Кай жердің азаматы? – деп гу-гу еттік. Алматы облысы Кеген ауданының жігіті көрінеді.

– Тым жас екен. Отызға жетпеген, тез көтерілген, – дестік. – Билік басында отырған Сапар Байжанов, Кәкімжан Қазыбаевтардың ықпалы болған, – деп топшыладық.

– Жоқ, ҚазГУ-да емтихан комиссиясының төрағасы болған Қасым Шәріпов қолдаған-ау, – дейміз.

– Жігіттер-ай, тым жас екен демедер. Қазақтың осы сөзінен арылмай келеміз. Жиырмадан асқан жасында Саттар Ерубаев, Ғани Мұратбаевтар танылды емес пе? 17 жасында «Еңлік-Кебекті» Мұхтар Әуезов бар шартымен жазып шықты ғой, – деді ақын Асқар ата.

Әңгіме тыйылды. Ұзекең 1962 жылдың жазында «Ленин жолына» редактор болып келген бойда бәрімізді жеке-жеке қабылдады. Не жазып жүргенімізді сұрады. Содан басқосу жиынын өткізді. «Шеберлікті шыңдау үшін көп оқу, іздену керек, – деп бастады әңгімесін редактор. – Сөзді дұрыс қолдану – шеберлік. Жаттанды сөзді қойыңдар. Еңбек адамын әр қырынан көрсетіндер. Мен келген бойда Дарханның, Қомшабайдың жазғандарына зер салдым. Қомшабайдың «Қызыл нар» очеркі әсерлі, ұтымды. Рыстының өлеңдерінде лирикалық шешімдер байқалады. Қайырбектің әзіл-оспақтарында мысқыл-әжуа бар. Өтеген қаламы ұшқыр, ұштай түссе биіктейді, – деп ой түйді редактор. Ұзекең іссапарға шыққанда қаламы ұшқыр авторларды көбірек тартуға ықыласты еді. Аралға барған бір сапарында қабілетін байқап, Шәкірат Дәрмағанбетовтың, фототілші Арзымбек Мәдениетовтің арнайы шақырып қызметке алды, олар сенімді ақтады. Токсанға шыққан Шәкең әлі тың, қаламы қолынан түскен жоқ.

Апта сайын лездеме-лестушқа. Әр журналист шығармашылық есеп береді. Әр қызметкер не жазды, қандай тақырыпты қозғайды, Ұзекең жұртты тынымсыз ізденіске, еңбекке жұмылдырушы болды. Жеке сөздердің қолданылуы жайында сөздік-кітапша шығарып, таратты. Жақсы дүниелер жазған журналистерді көтермеледі, қаламақыны өсірді. Қызметкерлерді кенесіде отырғызып, іссапарға жиі аттандырды. Өсіресе, басылымға жазылу кезінде бұл үрдіс ұлғайды. «Сендердің қырқың, менің Мырқымы бір өзі неге тұрады?» деп Мырқы Исаевты одан әрі желпіндіріп қоятыны ұзақ әңгіме.

– Біз разьездердегі жұрттың хал-ахуалына назар аударуымыз керек. Әрбір разьезде мектеп, теміржолшылар тұрады. Осылар басылымдарды ала ма? Мәдени-тұрмыстық жағдайлары қалай? Осы жайында сериялы дүниелер жазуға шығуымыз керек. Кәне, бұл жұмысты кімнен бастаймыз, – деді редактор.

– Қайырбектен бастайық, жүрісі шалт, жас, – деді Құрманғали Ажаров.

Сонымен Қызылордадан Жаңақорғанның «Сатымсай» разьезіне дейінгі аралыққа іссапарға аттандым. Ұзекең темір жол басшыларымен сөйлесіп қойыпты, кез келген тепловозға отырып, әр разьезге түсіп, жұртпен сөйлесетін болдым. Бір аптадай жүріп, бірнеше материал жаздым. 200-дей азаматты «Сыр бойына» жаздырып қайттым. Бұл жайында Ұзекеңе есеп бердім. Риза болды.

Редактор қатты қуанды. Сол жолы «Ленин жолының» таралымы елу мыңға жуықтады. Темір жол бойының Арал мен Түркістан шекарасына дейінгі аралықтағы түйткілді мәселелері көтеріліп, оң шешімін тапты.

– Өте сак жүріндер. Иссапарда ішімдіктен аулақ болыңдар. Қалам тартысы бөлек журналистердің жазғандарын оқыңдар. Очеркті мөлдіретіп жазатын Байжігіт Әбдіразақовтан үйреніңдер. Шерхан, Қалдарбек, Камал Смайловтардың жазғандарына зер салыңдар. Менімен бірге оқыған жерлеріңіз Әбірәш, сонан соң Балғабектің фельетондарын қалт жібермей оқыңдар, – деп жиі айтатын Ұзекең сөзі бізге сабақ болды.

Телефон шылдыр етті, көтердім. Ұзекең екен.

– Маған соғып кетші... Қаламыңды шыңдай түс, Қайреке. Қыстың күні қырауда киіз үйде отырған Жалағаштағы шопандарды «Киіз үйдің түңлігі желпілдейді» деген мақаладан нанымды, ұтымды көрсетіңіз, риза болып отырмын. Ертенгі нөмірге жіберуге қол қойдым.

Редактордан мақтау алған соң төбем көкке екі елі жетпей сыртқа шықтым. Содан қанат бітті. Ұзақ Бағаев обкомның бюросында отырғанда газет дүниелерін сол жерде оқып, сүйт баспаханаға жіберетін. Бір сәт бос отыруды білмейтін ғажап кісі болды. Оқта-текте өзі төгілте очерк жазып тастайды. Бірде «Адамның мықтылығы» деген очерк жазды. Таласып-тармасқа оқыдық. «Құрыш қазак» деген екінші очеркі шықты. Бұл екеуі ақын, жазушы қазақтың Павел Корчагині атаған Зейнулла Шүкүров жайындағы толғаныс-тебіренісі еді. Ұзекеңнің төрт-бес очерк, топтамасы жеке кітап болып шықты. Барлық кейіпкерлері – Сыр өңірінің азаматтары еді. Бұл дүниелер 2005 жылы Журналистер академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығын иеленді.

Өмірде бәрі болады ғой. Жастық шақта жұмырбасты пенде әртүрлі кездейсоқ оқиғаларға жолығады. Менің бар ғұмырым партия тұрмысы, хат бөлімі, «Мәдениет және әдебиет» бөлімінде, бірер жыл Сырдария, Тереңөзек ауданында меншікті тілші болдым, Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінде өтті. Әлі есімде «Ленин жолы» газетінде «Сырласу беті» деген бөлім ашқанбыз. Оны жүргізетін мен. Танертен кеңсеге материал әзірлеп отырғанмын. Кенет бір кісі кіріп келді. Бет-аузы көгерген, қан ізі бар. Өзін Елғановпын деп таныстырды.

– Иә, аға әңгіменізді айта отырыңыз?

– Қарағым, түнде үйіме жақындай бергенде көршімнің баласы ақша сұрады. Бергенім жоқ. Содан жұдырықтың астына алды. Осы баланың әрекетін газетке әшкерелеп жазу керек.

– Арызыңды жазыңыз, аға. Тіркетейін. Бөлім басыншы.

Жазды. Бөлім бастығы Қомшабайға көрсеттім.

– «Сырласу бетіне» әзірле!

Содан «Түнделеткен көршімнің баласы екен» деген тақырыппен мақала жарияланды. Араға бірер күн өтпей жатып, Елғанов, соққыға жыққан көршісі Асанбаев әкесімен үшеуі келіп тұр. Редакторға кірген.

– Газеттің беделін төктің? – деді Ұзекең. – Піспеген дүниені жарияладың, Мырзахметов!

– Ау, Ұзеке, өзі келген, арызы, қолы мынау. Енді келіп «мені ұрған Асанбаев емес» деп тұр Елғанов. Сірә, түнде Елғановтың үйіне барып, кешірім сұраған. Елғанов кешірім деп уәде бергенге ұқсайды.

Сонымен, іс насылға шабайын деді. Менің қызметпен қош айтысатын кезегім келді. Деруе қалалық прокуратураға



Өмірде атқарған ісі мен іскерлігінің арқасында қоғамда орнын тауып, абырой биігінен көрінген жандар жетерлік. Солардың бірі де бірегейі, Сыр топырағында өзіндік қолтаңбасы қалған Сәмит Далдабаев еді. Өмірден өтсе де, артына өшпестей із қалдырып, кейінгілер айта жүретіндей мағыналы ғұмыр кешкен ағамыздың туған топырағын түлетуге сіңірген еңбегі ерен, орны ерекше. Ол кісі жайлы қалам тербеу арқылы талай толымды дүниелерді жазуға болады. Себебі, ол адал еңбегімен елге қалтқысыз еңбек етті. Өмір салтымен, өзіндік көзқарасымен, таусылмас тағылымымен үлгі болды.

СӘУЛЕЛІ ҒҰМЫР

Еңбек жолын «Тереңөзек» совхозының басмалдәрігерлік қызметінен бастаған Сәкең өзінің қажырлы еңбегінің арқасында Сырдария ауданының бас мал дәрігері, аудандық малдәрігерлік станциясының бастығы қызметін атқарды. Ол жақсы жұмыс істеген азаматтың өсуіне мүмкіндік бар заман еді. Сол мүмкіндік ағамызға бұйырып, 1965 жылы еңбекшілер депутаттары Сырдария аудандық Кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1967 жылдың басында аудандар бөлігнен кейін, Тереңөзек аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы және аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары міндетін қоса атқарды. 1974 жылы Қазақстан Компартиясы Жалағаш аудандық комитетінің екінші хатшысы, 1975-1979 жылдары Сырдария аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерінде болды. 1979 жылдың желтоқсан айынан 1989 жылдың аяғына дейін алғашқыда халық депутаттары Жаңақорған аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, кейін жеті жылдан астам Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің бірінші хатшысы ретінде ауданның өсіп-өркендеуіне ерекше еңбек сіңірді.

Сәкең Сырдария, Тереңөзек, Жаңақорған және өзі туып-өскен Жалағаш ауданында қызметте болғандықтан, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайы жоғары деңгейден көрінді. Мұның өзі шаруашылықты ғылыми, жаңалықтарға сүйену арқылы басқарған басшының озықтығын, ұйымдастыру қабілетінің жоғары екенін дәлелдейді. Ол 1997 жылдан бастап облыстық Тәртіптік кеңес төрағасы болып, 2003 жылы мамыр айында зейнетке шықты. Зейнетке шықса да, қоғамдық жұмыстардан еш ажырамады. Қай жұмысты да үлкен жауапкершілікпен атқарды. Сол еңбегінің арқасында халыққа сыйлы, құрметті аға, ақсақал болды.

Елге жасаған еңбегі ескерусіз қалмады, өзінің лайықты бағасын алды.

Мәселен, үш ауданның (Жаңақорған, Жалағаш, Сырдария) Құрметті азаматы атанды. Мұндай құрмет көптің басына бұйыра бермейтіні анық. Алайда, сол бақ ағамыздың басына қонды. Мұнан бөлек, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерін де иеленді. Бұл марапат-атақтар талмас еңбектің, төгілген тердің, халыққа қызмет ету жолында өткен талай ұйқысыз түндердің қарымы болса керек.

Кейде сырласқанда Сәкең Жаңақорған ауданының халқы, азаматтары ерекше ілтипатпен айтатын. Сол аудандағы қызмет атқарған уақытын, жұмыстарын, әр азаматтың жақсылығын мақтаныш сезіммен еске алатын. Шыны керек, Сәкеңнің сол әңгімесін естіп отырғанда, Жалағашта емес, Жаңақорғанда туған ба деп ойлап қалатын едік. Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы атағын бергенде Бақытбек Ермақашов, Абдат Бапалақов сынды азаматтар еріп бардық. Сонда жаңақорғандықтардың Сәкеңе деген шынайы ықыласы мен сыйластығына куә болдық. Мұның өзі ел мен жерді таңдамай, жұртты тұтастай өзінің бауырындай қабылдай білген ағамыздың абыройының биіктігі еді.

Сәкеңмен таныстығым 1980 жылдардың басында Алқуат Сатов ағамыздың үйінде басталған болатын. Әкем Хамит ақсақал, Әлекең «мынау Шахизат інін болады» деп таныстырған. Содан бері біріміз іні, біріміз аға болып, сыйласып өттік. Сәкең саналы ғұмырында жанына адал дос, бауыр жинай білді. Достары елімізге белгілі, құрметті қайраткерлер Тұрғанбай Маханов, Жарыққасым Шәріпов, Баянбай Сыздықов, Жәлел Бөкіров сияқты ағалар еді. Одан бөлек, бірге қызметтес болған кісілермен де өмірінің соңғы күніне дейін сыйластығын үзбеді. Оралбай Әбдікәрімов, Бердібек Сапарбаев, Токтар Әубәкіровтермен ағалы-інілі қарым-қатынас орнатып, елімізге белгілі халық жазушылары Әбіш Кекілбаев, Тұманбай Молдағалиев,

Дүкенбай Досжанмен өте жақсы сыйластықта болды.

Биыл өте ауыр жыл болып тұр ғой, ақырын берсін. Бір жылда екі бірдей арысымыз, алдымыздағы ағаларымыз – Қаһарман мен Сәмит ағадан айырылу оңай емес. Қаһарман аға қайтыс болғанда Сәкең өзі ауырып жатса да, екі қолтығынан екі ініміз демеп, жаназаға алып келді. «Қаһана барып топырақ сала алмадым-ау» деп қайғырып көзіне жас алып еді сонда. «Аға өзіңізді байқаныз, мынау пандемияның беті жаман» деп көндіріп, машинаға отырғызып жібердім. Бұл оның бауырға, досқа деген сыйластығының, адалдығының, құрметінің үлгісі емес пе?

Қаһарман аға 14 наурызда ағайындардың Наурыз мерекесі алдындағы кездесуін Сәкең екеуі ашып бергенде: «Қаһа, сізге мендей іні қайда, маған сіздей аға қайда?!» деп құшақтасып еді. Қайран екі ағам-ай. Жатқан жерлеріңіз жұмақта болғай.

Ағамыздың елге сыйлы, досқа бай, ағайынға қамқор болуына жеңгіміз Айгүл Әмірбайқызының үлесі орасан. Сәкең ұйымдастыру жағын басқарса, Айкеңнің дастарханы қай уақытта да берекелі, мол жаюлы тұрды. Сәкең мен Айкеңнің отбасына бас сұғып, дастарханынан дәм татпаған адам кемде-кем. Қашан барсаң да алдымыздан жарқырап шығып қарсы алатын. Айкең – өзі білім саласында еңбек етті, талай шәкіртті ұядан ұшырған ардагер ұстаз. Ол кісі үшін шаңырақтың абыройы, Сәкеңнің орны бір төбе бөлек ұғым десек болады. Екеуі 6 қыз, 3 ұл өсіріп, олардан немере сүйді. Бүгінде балаларының әрқайсысы өмірден өз орнын тапқан, бір-бір шаңырақтың иесі. Олар да әке жолын жалғап, абыройлы қызмет атқарып, ел ықыласына бөленіп отыр. Осындай салиқалы ұрпақ өсірген Сәкеңнің тағылымды жолы балаларына бұйырсын.

Шахизат ТӨРЕБАЕВ, Қармақшы, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласының құрметті азаматы

● ҰЛЫҚ ҰЛЫС – 750

Тарихи-танымдық шара

Қызылорда қалалық кітапханалар жүйесіне қарасты №16 кітапхананың ұйымдастыруымен әлеуметтік желілерде онлайн форматта әртүрлі тақырыпта танымдық, ақпараттық сағаттар ұсынылуда. Соның бірі – Алтын Орданың 750 жылдығына орай дайындалған тарихи-танымдық сағат.

Биыл айбынды Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Осыған орай Мемлекет басшысының Алтын Орданың 750 жылдығын лайықты атап өту және ұлықтау негізін қалаған Жошы хан есімін ұлықтау туралы сөздерін зор ықыласпен қабылдадық.

Алтын Орда – Дешті Қыпшақ жерінде пайда болған, адамзат тарихында өзіндік орны бар түркі мемлекеті. Өз заманында даму сатысы жоғары болған, экономикасы кең қанат жайған, өркениеті ұзақ (1243-1503) ғұмыр кешкен мемлекет. Алтын Орда әмірін әлемге орнатпақ болған Шыңғыс хан империясының құрамында пайда болды. Мемлекет тарихының бастауы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының тағдырымен тығыз байланысты.

Монғолия жерінде дүниеге келген Жошы ханның

нағыз Отаны – қазақ жері. Оның мазары Қазақстанда, яғни, Жезқазған қаласынан 50 шақырым жерде, Кентіргі өзенінің сол жағалауында. Күмбезді тұрғызуға Жошы ұлысының оғыз, қыпшақ, арғын, керей, найман, қанды, қоңырат тайпалары қатысқан. Аты аңызға айналған Жошы ханның тұлғасы қазақ жерінде бүгінге дейін құрметтеледі.

Шара барысында Ұлы Далада екі жарым ғасырдан астам уақыт билігін жүргізген айбынды Алтын Орда мемлекетінің құрылуы, даму сатысы, күшеюі, онда билік жүргізген хандар жайлы мәліметтер бейнеролик арқылы берілді.

Шынарқұл КҮЛМАҒАНБЕТОВА, №16 кітапхана кітапханашысы



● АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Өміршең жобалар орталығы

Кез келген демократиялық қоғамның мемлекеттік және жекеменшік сектормен өзара қатынаста болатын дамыған «үшінші» сектормен сипатталатыны белгілі. Мұның өзі көпшіліктің әлеуметтік маңызы бар шешімдерді қабылдау мен оларды бірге жүзеге асыру процесіне қатысу механизмінің пайда болуын негіздейді. Азаматтық қоғам қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі бұл – үкіметтік емес ұйымдардың қызметі.

Айгүр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Жанарған ұлт ғана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс» деген болатын.

Бұл ретте, ел қуатын арттырып, мемлекеттің тұрақтылығын күшейтетін үкіметтік емес ұйымдардың атқарар рөлі зор. Бүгінгі күні облыста 996 ҰЕҰ тіркелген. Оның 454-і өңірдің рухани-мәдени, қоғамдық өміріне белсенді араласып, өз үлестерін қосып келеді. Сондай белсенді жұмыс істеп келе жатқан үкіметтік емес ұйымның бірі – «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры.

Қордың құрылғанына биыл 13 жыл. Негізгі мақсаты – аймақта мемлекеттік жастар

саясатын жүзеге асыру және азаматтық қоғамды дамыту. Осы уақыт аралығында қор 100-ден астам республикалық, облыстық түрлі әлеуметтік манызы бар жобаны жүзеге асырып келеді.

– Халық пен билік арасындағы алтын көпірді қалыптастыруда қоғамдық қордың өзіндік орны бар деп ойлаймын. Біздің негізгі бағытымыз – құқықтық, әлеуметтік, азаматтық бастамаларға қолдау көрсету. Мысалы, мен 2009 жылдан бастап осы қоғамдық қор жанынан жүзеге асырылып келе жатқан «Қамқорлық» дағдарыс орталығын ерекше айтқым келеді. Кішкене ғана ойдан басталып, әрі қарай дамытып, оның қажеттілігін, маңызын билікке жеткізе отырып, жүзеге асырдық. Жобаның жұмыс істегеніне биыл 9 жыл болды. Осы уақыт аралығында ол өзінің өміршендігін, қажеттілігін көрсетті. Сондықтан әр азаматтық ұйым өкілі өздерін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетіп, қоғамға кішкене пайдасын тигізуі керек деп ойлаймын, – дейді қоғамдық



қор жетекшісі Жандос Тұсмағанбетов.

Қоғамдық қор жанынан ашылған «Қамқорлық» дағдарыс орталығында тоғыз жыл ішінде 800-ден астам отбасына көмек көрсетілген. Оларға негізінен құқықтық, психологиялық кеңестер беріліп, жалпы 8 бағыт бойынша жәрдем берілді. Орталық директорының айтуынша, осы 800-ден астам көмек алушының 80 процентінің өз шаңырағына оралуына ықпал жасалған. Биылдың өзінде 300-ге жуық азамат қызмет алған. Басым бөлігі – қала тұрғындары. Көбісі тұрмыстық күш көрсетулерге, экономикалық, психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Бұл қызмет алушылардың 85

проценті өз отбасына оралып, қалыпты өмір сүруде.

Жалпы, өмірдің қиын жағдайына тап болған, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін дағдарыс орталығы – «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры жанынан құрылып, 24 сағат бойы үздіксіз жұмыс істеп тұрған ірі әлеуметтік жоба.

Қоғамдық қор мұнан басқа да бірқатар әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда. Мәселен, қала көлемінде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған жоба да өз маңыздылығымен ерекшеленеді. Ол бойынша түрлі форматта шаралар өткізу жолға қойылған.

ЖОБА

«Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы №334 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1-бабына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 6 қазандағы №03-03-932 ұсынысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы №334 қау-

лысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4539 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2013 жылғы 23 қарашада жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері заңнамда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбдіқалықова

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі

2020 жылғы «__» _____ Қызылорда облысы әкімдігінің № _____ қаулысына қосымша

2013 жылғы «23» қазандағы № 334 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып белгіленген карантиндік аймақ

№	Аудандар мен қала атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
			жатаған (қызылт) кекіре	арам сояулар	калифорниялық қалқаншалы сымыр	қауын шыбыны
1.	Арал ауданы	180	94	1	12	73
2.	Қазалы ауданы	238	9	9	10	210
3.	Қармақшы ауданы	155,5	0	30	5,5	120
4.	Жалағаш ауданы	251	40	75	13	123
5.	Сырдария ауданы	440	67	175	10	188
6.	Шнелі ауданы	895	130	100	5	660
7.	Жанақорған ауданы	615	20	235	5	355
8.	Қызылорда қаласы	68,4	23	0,9	18	26,5
	Барлығы	2842,9	383	625,9	78,5	1755,5

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік қолдау» компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

www.services.atameken.kz порталы арқылы қызметтер онлайн негізде көрсетіледі.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді офлайн түрде алуға болады:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Заң қызметтері;
3. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
4. Мемлекеттік сатып алу сұрақтары бойынша қызметтер;
5. Отандық тауар өндірушілердің өнімдерін өткізу сұрақтары бойынша қызметтер.

Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері Арал және Шнелі аудандарында Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында да ұсынылады.

Сервистік қолдау экономиканың барлық секторларында әрекет ететін шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілеріне көрсетіледі.

ҚЫЗМЕТТЕР ТЕГІН НЕГІЗДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.

Толығырақ мәліметті Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 123 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығынан алуға болады.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02
Call-Center - 1432

«Бизнес-мектеп» құралы бойынша оқуға өтінімдер қабылдайтыны туралы хабарлайды

«Бизнес-мектеп» құралы бойынша кәсіпкерлік қызметті жүргізудің функционалдық бағыттарына оқыту 10 (он) жұмыс күні ішінде күндізгі оқу және/немесе қаржылай емес қолдауды жүзеге асыратын оператордың веб-порталында қашықтықтан оқыту арқылы жүргізіледі.

«Бизнес-мектеп» құралы бойынша қызмет кәсіпкерлікті қолдау бойынша қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде қолдауды пайдаланбаған, жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ ісін жаңа бастаған және әрекет етуші кәсіпкерлер үшін ақысыз негізде ұсынылады.

Өтініштер қағаз жүзінде және электронды нысанда қабылданады.

- қағаз түрінде «Бизнес-мектеп» құралы бойынша мемлекеттік қызметті қаржылай емес қолдау операторы КҚКО-ға, КҚКО бөлімшелеріне жүгіну арқылы,

- электрондық нысанда – «электрондық үкімет» веб-порталында.

Қажетті құжаттар тізімі:

- өтінім (қоса берілген);
- жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;
- өтініш берушінің санатын растайтын құжат;

1. кәсіпкерлікті қолдау бойынша қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде қолдауды пайдаланбаған, жұмыспен қамтылған тұлға үшін – жұмыс орнынан анықтама;

2. бастауыш немесе әрекет етуші кәсіпкерлер үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгендігі жөнінде анықтама.

Барлық сұрақтар бойынша хабарласуға болады:

- Call-center – 1432,

- Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы, Қорқыт ата көшесі, 123, тел.: 8/7242/400981,

- Жауапты тұлға: Елеусінова Гауһар Ыбрайқызы, тел.: 8 7242 400874.

Жұмыс кестесі: дүйсенбі-жұма, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

ШАҒЫН НЕСИЕ

✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге

✓ 1 000 000 теңгеге дейін

✓ кепілдіксіз ✓ өте тез!

✓ алты жылға дейін

✓ жоғары несиелік

ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

КР ҰЛТТЫқ БАҒЫТТІ №KZ01v00000355 лицензиясы берілген

ЖОБА

«Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1308 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 12590 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1308 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6641 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы»;

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы болып айқындалсын.».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г. Әбдіқалықова

Шырай жүзің кетпейді ғой...

Әулетіміздің абыз ақсакалы, анамыздың асыл жары, балаларының қамқоры болған әкеміз Көштаев Біржан Көштайұлының фениден озғанына әнеміне дегенше жүз күн болды.

Әкеміз Біржан Көштайұлы 1937 жылдың 5 қаңтарында Терөзек ауданының №23 Ақбойдақ ауылдық кенесі, Үлгі колхозында дүниеге келген. Қазалы техникумын малдәрігерлік зоотехник мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Алматы облысы, Ақсу ауданының «Қызылтан» қой совхозында мал дәрігері болып еңбек жолын бастаған. 1963-1966 жылдары Алматы облысының Ш.Уәлиханов совхозында және Ақсу ауданында комсомол комитетінде хатшы, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1966 жылдан бастап Жалағаш аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Коммунизм, Ақсу совхоздарының партия комитетінде хатшы, Жаңадария совхозының директоры, аудандық ауылшаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, аудандық зейнетақы қорының меңгерушісі болып абыройлы қызмет атқарған. Биліктілігі мен білімділігінің арқасында түрлі салада қызмет атқарған әкеміздің еңбегі ескерусіз қалмай бірнеше орден-медальдармен, төсбелгі және алғыс хаттармен марапатталған. Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің ыстық ықыласына, ағайын-туыстың алғасуыз алғысына бөлене білді.

Тау алыстаған сайын биіктей түседі демекші, уақыт өткен



сайын жүрегіміз елжіреп сағынышпен еске аламыз. Шанырағымыздың берекесі болған әкеміз аяулы анамыз Нәзігулмен мағыналы ғұмыр кешіп, өмірге 5 ұл-қыз әкеліп, текті тәрбиесін беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбере сүйді. Ардақты жанның фениден өткенін еске алып, құран бағыш-таудамыз. Оқылған дұға қабірін нұрландырып, жатқан жері жайлы, орны жаннаттың төрінен бұйырсын деп тілейміз.

Шырайлы бір шалды көрсем, Әкем менің елестейді. Бозарып атқан таңды көрсем, Жан әкеме теңеспейді.

Жарқыраса күннің нұры, Қолым оған жетпейді ғой. Жаба алмайтын түннің өзі, Шырай жүзің кетпейді ғой...

Еске алушылар
Көштаевтар әулеті

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының ұжымы Сыр елінің танымал дәстүрлі орындаушысы, облыстық филармония артисі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

Шыңберген Тілеуесовтің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық сотының ұжымы мен ҚР Судьялар Одағының Қызылорда облыстық филиалы отставкадағы судья Шыңғысова Ғалия Шахметқызына сіңдісі

Раянның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● СЕНБІЛІК СҰХБАТ

Басты кедергінің бірі – кадр тапшылығы

Біздегі жеңіл өнеркәсіптің жолы неге ауыр? Киім-кешектің басым бөлігі Түркия, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстаннан тасы-маданатыны белгілі. Қашанғы шетелдің өніміне қарайлаймыз? Бұл сұрақтардың жауабын ұлттық құндылықтардың жанашыры, «Сара КА» жеңіл өнеркәсіп орталығының құрылтайшысы Аида Керімқұловамен бірге іздедік.

«Алып-сатудан кейін өндіріске көшу керек»

– Сұхбатымызды жеңіл өнеркәсіп саласының дамуына кедергі келтіретін себептерді анықтаудан бастайықшы. Былтыр Сыр елінде «Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының халықтық қауымдастығы» құрылды. Қауымдастық қазір жұмыс істеп тұр ма?

– Осыдан бірнеше жыл бұрын Ділмұхамед Абизов жейде шығаруға негізделген «Далатекс» компаниясын құрып, облыста жеңіл өнеркәсіп саласындағы ауқымды жұмысын бастаған болатын. Бастама лайықты бағаланып, Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан «Алтын сапа» сыйлығын иеленді. Сыр елінде жеңіл өнеркәсіпті дамытуға басымдық беріліп, қауымдастық құру Ділмұхамед Нарбекұлына сеніп тапсырылған болатын. Қауымдастықта 20-ға тарта мүше болса, қазір 10-ға жуығы ғана белсенді жұмыс істеуде. Мемлекет мүлде қолдау көрсетпейді демеймін. Қазір «Қарапайым заттар экономикасы» секілді бағдарламалар бар. Бірақ сол бағдарлама бойынша кәсіпкер субсидия алуы үшін міндетті түрде кепілдеме керек. Ал, кепілдемеге келгенде кәсіпкер қиналады.

Екіншіден, ЖШС, ЖК аштың делік. Ол мекемеде міндетті түрде бухгалтерлік есеп жүргізілуі керек. Себебі, екінші деңгейлі банк соны талап етеді. Сол жағынан жұмыс көбіне ақсап жатады. Қызмет көрсету сапасы да түседі, оған қоса қазір әр тұтынушы чек талап етеді. Көбінесе чек шығаратын аппарат та жоқ. Кәсіпкерлердің бухгалтері жоқ, ал өзі оның қызметін атқара алмайды. Кәсіпкердің шамасы жетпесе, бухгалтерді қалай жалдайды? Бухгалтер есеп жүргізбесе, екінші деңгейлі банк субсидияны қалай жасайды? Бұл – өте ауқымды проблема. Бірақ, қазір «Атамекен» ҰКП мамандары бухгалтерия саласы бойынша кәсіпкерлерге барынша білім беруге тырысады, бірақ бөлінген бір сағатта көп дүниені түсіну қиын. Сондай-ақ, тегін гранттар тек инновациялық, облыста мүлде болмаған жобаларға ғана бөлінеді. Оған санаулы кәсіпкер ғана қол жеткізеді.

Үшіншіден, бұл салада кәсіп бастап, ісінді дамыту үшін жаңа техника өте қажет. Сапалы тігін машиналары 150 мыңнан басталады. Жоқ дегенде кәсіпкерге 4-5 түрлі болуы керек. Оның бірі – түзу, бірі – зигзаг тігісін, бірі кес-

телеу жүргізеді. Оның бәрін қамтып, кәсіпті аяғынан тұрғызуды үшін 10 миллион теңгеден астам қаражат қажет. Осы 10 миллионды алу үшін кәсіпкер лайықты кепілдеме іздейді.

Бұл қиындықтардан өтіп, жаңа деңгейге көтерілген кәсіптің дамуына басты кедергі – кадр тапшылығы. Біз осы салаға келгенде түрлі кезеңнен өттік. Алғашында «Көлөнер» деген атаумен танылсақ, қазір «Сара КА» жеңіл өнеркәсіп орталығы деп аталамыз. Себебі, «Көлөнерде» өрнекті де, тігінді де, кестені де қолмен жасайтынбыз. Қазір жұмыстың 80 процентін автоматтандырдық. Өте үлкен тежегіштегі машинка кестелеген кезде, оның жарамдылық мерзімі 20 жылдан асады. Жіптері де сырттан әкелінеді. Бірақ машиналарды алдырғанымызбен, маман табу қиынға соқты. Жеңіл өнеркәсіп саласы бойынша еліміз көршілес Өзбекстан, Қырғызстанның өзінен 15-20 жылға қалып қойған. Түркия сынды елдердің деңгейі тіпті жоғары. Облыстың бұрынғы басшысы Қырымбек Елеуұлы бір жыныда «Кәсіпкер 10 жыл алып-сатумен айналысқаннан кейін, міндетті түрде өндіріске көшу керек. Егер өндіріске көшпесе, кәсіпкер емес. Тендер, мемлекеттік сатып алуға бейімделумен кәсіпкер өспейді» деген болатын.

Облысқа «Көрме» ғимараты қажет

– Ұлттық киім тігіп, нарыққа шығару ісіне сіз де бірден келген жоқсыз...

– Иә, бастапқыда біз де алып-сатумен айналыстық. Облыста 100-ден астам көлөнершінің басын қосып, өнімдерін нарыққа шығардым. Бірақ аудан-ауылдағы көлөнершілерде сенімсіздік бар. Олар жасаған бұйымдарды алғаныммен, кейбірін өткізе алмайтынмын. Мойныма жауапкершілік алғандықтан, кейде ақысын өз қалтамнан төлейтін де кездерім болды, сондайда көп шығынға ұшырадым. Бірақ менің мақсатым көлөнершілердің бұйымын жарыққа шығару



Тәжірибе, қиындық сізді шыңдады. Қазір орталықтағы бұйымдар тек қолмен жасалмайды. Солай емес пе?

– Жолдасым екеуіміз ақылдасып, жобамды қорғап, 2016 жылы кепілдеме қойып, несие алдық. Несиенің 15 проценттік үстемәксының өзім – 7, «Даму» қоры – 8 процентін төлеп беретін болды. Сол қаражатқа тігін машинасын ала бастадық, бірақ алдымыздан маман тапшылығы мәселесі шықты. Біз машинаны қосу үшін IT мамандар 100-130 мың теңге ақы талап етеді. Әр бағдарламаны қосу үшін де аз ақша сұрамайды. Сонымен кәсіпкерлер палатасына жүгініп, «Аға сенйор» деген жоба бойынша жұмыс басталық. «Аға сенйор» жобасы осы салада тәжірибесі бар азаматты шетелден жұмысқа тартуға негізделген. Біз Түркиядан арнайы маман шақырып, 20 күн бойы сабақ алдық. Кәсіпкерлер палатасы арқылы 1500 долларға жуық еңбекәкі төленді. Бірақ ойлана келе 20 күннің өзі аз екенін байқадық. Әрі қарай өз қаражатымыз арқылы білім ала бастадық.

Біздің жастар аздап білім алса, мен кәсіпкермін деп шыға келеді. Олармен келісімшарт жасауым керек. Екі-үш ай оқытамын. Үлкен фабрикада жұмыс істеудің орнына олардың бір әлеті кішкентай машина сатып алып, үйінде, Instagram ашып алып, құрақ көрпе, торбан тігіп отырғанды жақсы көреді. Меніңше, бұл – «мен беруге жұмыс жасамауым керек» деген эгоизм.

– Идеясын бөліксіз келмейтін бо-лар...

– Ол – әлеуметтік желідегі 5000

оқырманнан аспайтын идея. Ал үлкен идеяны іске асыру үшін кішкентай тігін машинасының шамасы жетпейді ғой. Жастардың көбісі келісімшарт жасалып, шамалы білім алғаннан кейін кетіп қалады. Кәсіпке баулу кезінде де тәлім мен тәрбие қажет. Ең бірінші тәзімділік, ұжыммен, халықпен жұмыс жасау ба-рысында мәдениеттілік керек. Ал қазіргі жастарға жұмыс тапсырсаң істейді де, «мынауың дұрыс емес» десең, телефо-нын көтермей қояды. Сосын біз өспейміз. Мәселенің мәнісін іздегенде осы жағдай алдымыздан шыға береді. Кәсібіне адал, сөзіне тұрақты жас маманды табу өте қиын.

– Шикізат қайдан келеді?

– Жеңіл өнеркәсіптің дамуына кедергінің бір себебі – шикізаттың жоқтығы. Шыны керек, маска тігу кезінде шикізаттың тапшылығынан қиналдым. Тіпті халыққа «үйлеріңізде қолданылмай қалған резинақалар бар ма?» деп сұрау салдым. Жанашыр азаматтар резинаға әкеліп берді. Себебі, бұл Қытай, Түркиядан, не басқа шетелден келетін. Шекара жабық, енді қайттық? Сонымен материалдардың құрылымына қарап, созылатын, түтеленбейтінін таңдап, лазерлік аппаратпен кесіп, матадан резина-ға жасаған кезіміз болды. Осы әдіспен 10 мыңнан астам маска жасадық. Кейіннен құлақты ауыртыпайтындығына қарап, сол резинақаны тауып берші дейтіндер болды. Ал біз «негізгі оны матадан жасағанбыз» деп күлеміз. Осылай амалын табуға, тығырықтан шығуға тырыстық. Қорқыт ата университетімен келісімшартқа отырып, дизайн мамандығындағы студенттердің практикасын бізде өткізуге келістік. Ең қызығы, өз еркімен бірде-бір студент практикаға келген жоқ. Сол салада оқып жүріп, өндіріске қызықпауы, үйренсем, білсем екен деген ниеттің болмауы мені қынжылтады. Кейіннен сол студенттердің не істеп жүргенін сұрастырсам, бірі – даяшы, бірі – үй қызметшісі, бірі – хатшы болып жүр екен.

«Айналым 8 процентке өсті»

– Қызылордада бірыңғай мектеп формасы шығарыла бастаған еді. Жоба неге тоқтап қалды?

– Мектеп формасы жобасы – қауымдастық құрамындағы цехтардың атқарған жұмысы. Сол кезде «неге мектеп формасының үлгісін ауыстыра бересіздер?» деген сұрақ көп қойылды. Кейбір мектептер жеке ательелермен байланыс орнатқан. Қауымдастықтың мақсаты үлкен консалтинг құру болды. Бірақ бұл үшін өте мықты тәзім керек екен. Қауымдастықтағы кәсіпкерлер бірігіп, «Qobyz» брендімен үш айда 1-4 сынып оқушыларына арналған 8 мың дана мектеп формасын дайындадық.

Кәсіпкерлер палатасында жобаларды сүйемелдеу бөлімінің бастығы Мұрат Балабай мектеп формасын тігу кезінде жеңіл өнеркәсіптің айналымы 8 процентке өскен деді. Сол уақытта 100-ден астам қыз-келіншек жұмыспен қамтылды, салыққа қаншама қаражат төленді. Қаншама айналым болды, қаншама жас-тар тәжірибе жинады. Келесі жылы да бұл жоба жалғасуы керек болатын. Бірақ пандемия басталып, жүзеге аспады.

– Келер жылы қолға алынуы мүмкін бе?

– Ондай жоспар бар. Себебі, осы уақытта жеңіл өнеркәсіп саласы айтарлықтай алға жылжыды. Бір фабрикада киім үлгісі дайындалып, пішіліп, қауымдастық құрамындағы ательелерге көлемі бекітіліп, тігу тапсырылды. Қаншама студент жұмыспен қамтылды. Қазір сол студенттер шағын цех ашып, өздері мектеп формасын тігіп бастады. Ойлап қараңызшы, бізге 20 жыл уақыт берсе, осы салада үлкен жетістікке жеткен болар едік. Отандық өнімді қымбат дейді. Рас, аз дайындалады, аз сатылады. Шикізатының құны шықпаса, кәсіпкер минусқа кетеді. Ал миллиондаған да-насын сату үшін алдыңнан әлгінде айтқанындай, маман тапшылығы, субсидия алу, кепілдеме табу секілді кедергілер шығады.

Қазір біз «Qobyz» деген бренспен өнім дайындап жатырмыз. Қауымдастыққа мүше кәсіпкерлердің бірі «Qobyz» брендин пайдалана беруге болады. Арамызда сондай келісім бар. Өзінің брендімен шығарса да мейлі.

– Қауымдастық мемлекет тарапынан қаржыландырыла ма?

– Өкінішке қарай, қаржылан-дырылмайды. Ол үшін арнайы сертифи-кат дайындалу керек екен. Кәсіпкерлер палатасындағы мамандардың кеңесі бойынша біз аккредитациядан өтіп, сер-тификат алуымыз қажет. Сонда ғана біз мемлекеттік жобаларға қатыса ала-мыз. Қауымдастық құрамындағы әр цех бірлесе жұмыс жасай алатынын дәлелдеу керек. Өзірге заңды түрде болғанымен, әр цех қаражат шығарып, бірлесе жұмыс жасаудамыз.

– «Сара КА» жеңіл өнеркәсіп орта-лығының жұмысы елдің көз алдында. Ұлттық киімдерді жарыққа шығару, сөнге айналыдыру ісінде ештеңе қара-мастан еңбек еттіңіз. Қазір қандай жаңалықтар бар?

– Бүгінде жұмысты дамыту үшін об-лыс орталығында екі қабатты фабрика салып жатырмыз. Пандемияға байланыс-ты өзирге жұмысы тоқтап қалды. 2021 жылдың көктемінде ашамыз деген жо-сар бар. Тігін машиналарының санын арттыру да болашақтың еншісінде.

– Сұхбат үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

«ЭЛИКСИР ЖИЗНИ» АҒЗАҢЫЗДЫ ЖАСАРТЫП, ӨМІРІҢІЗДІ ҰЗАРТАДЫ!

Жапондықтардың ұзақ жасауының құпиясын білесіз бе? Елдегі экологиялық жағдайдың нашарлығына қарамастан, олардың денсаулығы мықты және ұзақ өмір сүреді. Жерорта теңізінің жағалауында, Жапонияда, Жаңа Зеландияда, Ресейдің Примор өлкесінде теңіз кірпілері дәстүрлі тағамдардың бірі болып саналады. Теңіз кірпісінің ұылдырығы құнарлы болғандықтан ғарышкерлердің рационана да енгізілген. Олардың ДНК-лары адам ДНК-сымен 75% ұқсас келеді. Сондықтан қоректік зат ретінде ол адам ағзасында түгелдей қорытылып кетеді.

Теңіз кірпілерінің өзі 200 жылға дейін өмір сүреді. Осы аралықта олардың ағзасында қартаю процесі байқалмайды. Сондықтан да оларды адам организмнің қартаюын тежеу үшін пайдаланамыз. Теңіз кірпісінің ұылдырығындағы дәрумендердің, минерал-дыр мен аминқышқылдардың жоғарғы концен-

трациясы қартаюмен күресіп қана қоймайды. Ол ағзаны радиоактивтік токсиндерден тазарта-ды, иммунитетті нығайтып, денсаулықты толықтай қалпына келтіреді.

Теңіз кірпісінің ұылдырығы қанды тазар-тып, физикалық және ойлау белсенділігін арт-тырып, ағзаны жасартатын қасиетке ие. Ұылд ырықтың құрамындағы белсенді компо-ненттер артериялық қан қысымының қалпына келуіне және адамның жүрек-қан тамыры жүйесінің нығаюына септігін тигізеді. Со-нымен қатар, мидың және бауырдың жақсы жұмыс істеуіне өсер етеді. Ағзадағы артық холестериннің шығуына көмектеседі. Ол ер-азаматтардың потенциясын қалыпқа келтіріп, репродуктивті қызметін жасартып, жүйесінің нығаюына септігін тигізеді. Со-нымен қатар, мидың және бауырдың жақсы жұмыс істеуіне өсер етеді. Ағзадағы артық холестериннің шығуына көмектеседі. Ол ер-азаматтардың потенциясын қалыпқа келтіріп, репродуктивті қызметін жасартып, жүйесінің нығаюына септігін тигізеді. Со-нымен қатар, мидың және бауырдың жақсы жұмыс істеуіне өсер етеді. Ағзадағы артық холестериннің шығуына көмектеседі.

Бірақ осыншама көп теңіз кірпісін қайдан табамыз және ұылдырықтың бойындағы

бар пайдасын адам денсаулығына зәлал келтірмей қалай кәдеге асыруға болады? Бұл үшін есімдіктерес компоненттермен байытылған арнайы формула көмектеседі. Ол пайдалы заттарды жоғары деңгейде қорытады.

Осы формула негізінде жасалған «Эликсир жизни» балызамы мынадай қасиеттерге ие:

- организмді шлактар мен токсиндер-ден, радиоспадты өнімдерден тазартады;
- зат алмасу процесін реттейді, қант деңгейін түсіреді және қартаю процесін тежейді;
- физикалық және ойлау қабілетінің белсенділігін арттырады;
- асқазан-ішек жолдарының, ұйқы безінің жұмысын жақсартады;
- ерте және тыныс алу жүйесінің жұмысын реттейді;
- жүйке, жыныс, иммундық жүйенің

және қалқанша безінің жұмысын қалпына келтіреді;

- артериялды қан қысымын реттейді, жүректің жұмысын жақсартады;
- холестерин деңгейін төмендетіп, атеросклероздың дамуының алдын ала-ды;

- иммунитетті нығайтады;
- потенцияны арттырады.

Бұл дәрумендік көшенің құрамында ми мен жүректің жұмысын жақсартатын, организмді жасартатын резерваторл мен та-урин бар. Ал липой қышқылы – жасушаларды зақымдалудан сақтайтын, олардың жас қалпын ұзартатын мықты антиок-сидант.

«Эликсир жизни» балызамымен деніңе сау-лық, теңіңе күш-қуат пен ұзақ өмір сыйла!

Емоциональ-ды күйдегі адам-дардың ден-саулығын жақсар-тып, өмір-ін ұзарту-ға көмек-теседі.



Әйтпембетов Сабырхан, 78 жаста, Қызылорда обл., Шіелі ауд.

Жасым ұлғайғасын ба, көптен бері кіші дәретке шығуым қиындап кетті. Осы дертімді емдеймін деп ішпеген дәрім қалмады. Газетті оқып отырып осы “Эликсир Жизни” деген балызамна көзім түсіп оқи бастадым. Балызамды ішіп, дертіме дауа тапқан адамдардың пікіріне сүйеніп мен де 1 курсын алып іштім. Алдаға шүкір, кіші дәретке қиналмай шығатын болдым, ұйқым да тынышталды. Әрі қарай да осы балызамды тұтынудамын.



Байташова М., 80 жаста, Түркістан обл., Шардара қаласы

Менде аурудың түрі көп, бірақ мені ұйқы безі мазалайды. Тамаққа төбетім жоқ, содан шығар ішкі құрылымсыз да дұрыс емес. Ас ішпегесін бе, өзімді әлсіз сезінемін. Таныстарымнан осы “Элексир Жизни” балызамның жақсы емдік қасиеті туралы естіп мен де пошта арқылы алып 1 ай іштім, әрі қарай да ішеудемін. Балызамды ішкелі бері бұрынғыдай емес, ішкі құрылымсының жұмысы жақсарып, төбетім ашылып ас ішетін болдым. Әлсіздік басылып, өзімді жақсы сезіне бастадым. Осы өнімді шығарған адамдарға рахметімді айтқым келеді.



Сәду Гүлсара, 72 жаста, Қызылорда обл.

Артериялдык гипертензия (гипертония) ауруына шалдығып, көп емделдім. Бұған қоса, панкреатит диагнозым бар. Өт жолымды да алдырып тастағаным, бүйрегім де ауырып мазалайды. Қан қысымым үнемі жоғары. Газеттен “Элексир Жизни” балызамы туралы оқып-біліп, сатып алдым. Балызамды ішкелі бері қан қысымым түзелді. Асқазанның жұмысы дұрысталып, бүйрегім мазаламайтын болды. Аяғымның ісігі қайтып, көңілім жайланды. Нәтижеге ризамын!



Бекпенұлы Ырысқұлбек, 73 жаста, Түркістан обл., Арыс қаласы

Мен “Эликсир жизни” балызамның 1 курсын іш-тім. Балызам менің ішкі құрылысыма және буын-дарыма жақсы көмектесті. Иммунитетімнің көтерілгенін байқадым. Кәзіргі уақытта дәрі-дәрмек ішпейтін болдым. Құлағымның шыңылдағаны басылып, көзімнің көруі жақсарды. Газет-кітапты көзілдірсіз оқитын болдым. Осы балызамды әлі де іше беремін, бағасы да қолжетімді.

«ЖЕНЫШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

Бір күрсақ «Эликсир Жизни», «Женьшень – өмір қуаты» – балызамдарының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша тегін

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20.

Мекен-жайы өзгергені туралы ескертеміз! «Эликсир жизни», «Женьшень – өмір қуаты» балызамдарының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 қараша күні сағат 10.00-11.00 аралығында А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).



(Сәйкестік декларациясы ЕАЭС N RU D-RU. АЕ64. В.05819/20 19.06.2020 жыл-дан 18.06.2023 жылға дейін жарамды)



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС ДИРЕКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Әділжан ҮМБЕТ